

«Жолшы» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын

Келісемін
Ойыл ауданы Ім бөлімінің
басшысы: Мә С Т



Бекітемін
«Жолшы» бөбекжай-бақшасы
МКҚК меңгерушісі: Мырзағалиева А
«-----»-----2024



Бағдарлама
«Ертегілер елінде»
«Күншуақ» ересек тобы

Дайындаған: Тайғужиева Ш.С
Утеуова М.К

2024-2025 оқу жылы

«Жолшы» бөбекжай-бақшасының ересек топқа арналған «Ертегілер елінде» атты бағдарламасына

Пікір

Ересек топ балаларының сөйлеу мәдениетінің, ойлау қабілетінің дамуына баса назар аударған жөн. Осы орайда бүгінгі таңдағы балаларды жетелеп, ой-өрісін ашуға, дамытуға ертегінің маңызы зор.

«Ертегілер елінде» вариативтік бағдарламасын тәрбиеші зерттеп, талқылап керекті ертегілерді балалардың жас ерекшеліктеріне сай алған. коммуникативтік дағдылары мен білігін дамыту мақсат-міндеттері айқындалып, зерттеліп, ойын элементтерінің құрылымына сәйкес жазылған.

Бұл бағдарламада балаларды сахналап, рөлдерге бөліп жұмыс жасау дағдыларында көрсете білген. Бұл ертегінің тәрбиелік мәні зор, өмірімен байланыстырылып, адамгершілікке, мейірімділікке баулиді, үйретері мол.

Бұл бағдарламада алынған ертегілер бір-біріне ұқсастығы жоқ. Бірі достық туралы болса, ал бірі жақсылық пен жамандық, айлакер, құлық туралы, ал бірі байлық, денсаулық және еңбек туралы ертегілер.

Бағдарлама көзделген мақсатқа сай баланың жеке басын қалыптастыра отырып, балалар коллективінің дамуында басты роль атқарады. Балаларға ертегі арқылы халқымыздың тарихын, мәдениетін таныстыру қолға алынған.

«Жолшы» бөбекжай-бақшасының әдіскері: С.Жоламанова.

Ересектер тобына арналған «Ертегілер елінде» вариативтік компонент

Түсінік хат

Ересек топқа арналған таңдау вариативтік бағдарламасы «Ертегілер елінде» деп аталады. Ертегілер балалардың ойын, қиялын, сөйлеу тілін дамытуда үлкен роль атқарады. Сондықтан ересек топ тәрбиенушілері үшін ертегілерді оқытудың маңызы зор.

«Ертегілер елінде» таңдау вариативтік қиял-ғажайып, тұрмыс-салт, хайуанаттар жайындағы ертегілер қамтылған. Балалардың қабылдануына жеңіл, оқиғасы қызықты ертегілер таңдап алынды. Балалар ертегілерді рөлдерге бөліп, сахналайды. Ертегіні қою барысында балалар әр түрлі құралдарды пайдаланады, басқа да ойыншылармен қарым-қатынасқа түседі. Рөлін іс-әрекетпен, сөйлеумен, мимикамен, пантомимикамен білдіреді.

«Ертегілер елінде» бағдарламасы ересек топ балаларының тұлғалық дамуын қамтамасыз етіп және оны мектепке дайындауға бағытталған.

«Ертегілер елінде» бағдарламасының жылдық жүктемесі 36 сағатқа құрылған. Апталық жүктемесі -1сағат.

Бағдарлама 4-5 жас аралағындағы балаларға арналып ұсынылған. Бағдарламаны оқыту төмендегідей мақсаты мен міндеттеріне жетудің қажеттілігін қамтамасыз етеді.

Мақсаты: балаларды топтастырып, бірге ертегіні сахналауға, рөлдерді орындауда икемділік, шынайлық, бірлесіп әрекет етуге үйрету, сөздік қорын, тіл байлығын дамыту.

Міндеттері: Топпен жұмыс жасауды, өзіне жүктелген міндеті толық атқаруды, бастаған істі төзімділікпен аяқтауды. Балалардың әлеуметті ортада бір-бірімен дұрыс қарым-қатынас жасаудың дағдыларын жетілдіру.

Күтілетін нәтиже: - Ертегі кейіпкерлерінің рөлін орындауға икемді болуды

дамытып, өзінің жеке тілектестігін көрсетеді.

- Ертегі барысын үнемі өзгертіп, ауыстырып, мүмкіндігін қамтамасыз етіп отырады.
- Ойыншылардың арасында жолдастық қарым-қатынас қалыптастырады.
- Ертегіде бала шығармашылыққа еркіндік береді.

Бағдарламаның мазмұны: Ертегі кейіпкерлері мен жануарлардың түрлерімен таныстыру. Табиғат және жануарлар тірішілігі, олардың мінезі мен қылықтары туралы түсіндіреді. Онда балалар қоршаған орта, табиғат, жануарлар мен тұрмыста көретіндерінің барлығын рөлдерде ойнап шығады

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Ертегілер елінде»

№	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны	Күні	Көрнекілігі
1	«Алтын сақа» ертегісі	Ертегі кейіпкерлерінің сипаты арқылы жақсы қасиеттерге баулу.	1	07.09	Үстел үсті театр
2	«Қызыл телпек» ертегісі	Ертегі кейіпкерлерінің жағымды, жағымсыз қасиеттерін көруге үйрету. Ойын нақты және түсінікті етіп жеткізе білуге дағдыландыру.	1	14.09	Қолғап қуыршақтары.
3	«Бауырсақ » ертегісі	Өзара сүйіспеншілік қарым-қатынасқа тәрбиелеу	1	21.09	Ертегі кейіпкерлерінің көлеңке театры
4	«Жеті лақ» ертегісі	Ұжымда бірлесіп әрекет ете білу дағдыларын қалыптастыру.	2	28.09 05.10	Қолғап қуыршақтары
5	«Мақта қыз бен мысық» ертегісі	Сөздік қорын молайту, үй жануарларына деген қамқорлыққа тәрбиелеу.	1	12.10	Үстел үсті театр
6	«Қарлығаш пен дәуіт» ертегісі	Достыққа, сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	1	19.10	Ертегі кейіпкерлерінің атрибуттары
7	«Үйшік » ертегісі	Ертегі арқылы қайырымды, мейірбан болуға тәрбиелеу.	1	26.10	Үстел үсті театр
8	«Шалқан» ертегісі	Балаларға ертегі туралы түсініктерін кеңейтіп, айырмашылығын ажырата білуге үйрету. Сөздік қорларын молайту.	1	02.11	Үстел үсті театр
9	«Алтын балық» ертегісі	Су асты тіршілік иелері туралы түсінік беру, зейінін дамыту	1	09.11	Ертегі кітабы, ертегі

					кейіпкерлерінің сюжетті суреттері.
10	«Алтын сақа» ертегісі	Ертегі кейіпкерлерінің сипаты арқылы жақсы қасиеттерге баулу.	1	16.11	Кейіпкерлердің суреттері бар буклет
11	«Бауырсақ » ертегісі	Өзара сүйіспеншілік қарым-қатынасқа тәрбиелеу	1	23.11	Үстел үсті театр
12	Үш аюға қонаққа барайық	Ертегіні қайталай отырып, таңдалған балаларға кейіпкерлер сөздерін айтып үйрету	1	30.11	Ертегі кейіпкерлерінің атрибуттары.
13	«Қайырымды қоян»	Балаларды қайырымдылыққа, елкезектікке, адалдыққа тәрбиелеу.	2	07.12 14.12	Қолғап қуыршақтары
14	«Алтын айдарлы әтеш» ертегі	Ертегі мазмұнымен таныстыру. Сахналау барысында балалардың сөздік қорларын молайту	1	21.12	Ертегі кейіпкерлерінің көлеңке театры
15	«Жыл басына таласқан хайуандар»	Балаларға жыл басының қалай пайда болуы жайлы түсініктерін молайту	2	28.12 04.01	Ертегі кейіпкерлерінің көлеңке театры
16	«Қаңбақ шал»	Балаларға етегі туралы білімдерін кеңейтіп, жақсы мен жаманды ажыра алуға баулу	1	11.01	Үстел үсті театр
17	Мақтаншақ қоян	Ертегі мазмұнын зейін қойып тыңдауға үйрету. Балалардың сөздік қорын молайту. Көркем әдеби тілде сөйлеуге тәрбиелеу. Көркем шығарманың тәрбиелік маңызын түсіндіру.	2	18.01 25.01	Ертегі кейіпкерлерінің атрибуттары
18	Түлкі мен ешкі	Ертегі мазмұнын зейін қойып тыңдауға үйрету. Балалардың сөздік қорын молайту. Көркем әдеби тілде сөйлеуге тәрбиелу. Көркем шығарманың тәрбиелік маңызын түсіндіру	1	01.02	Ертегі кейіпкерлерінің көлеңке театры
19	Күн, ай және әтеш	Ертегіні тыңдай білуге, өз түсінгенін ойын жеткізе білуге үйрету, есте сақтау қаблеттерін дамыту. Балаларды достыққа, татулыққа тәрбиелеу, баулу, жаман қасиеттерден аулақ болуға тәрбиелеу.	1	08.02	Ертертегі кейіпкерлерінің атрибуттары
20	Мақта қыз бен мысық (ертегіні сахналау)	Ертегіні ойнау барысында, кейіпкерлердің жүріс-тұрысын, дауыс ырғағын, дұрыс жеткізе білуге тәрбиелеу.	2	15.02 22.02	Ертертегі кейіпкерлерінің атрибуттары
21	Тақырыбы: «Күшік пен мысық»	Ертегі мұқият тыңдай білуге, өз түсініктері бойынша айта білуге үйрету. сөздік қорларын молайту, тілдерін дамыту.	1	29.02	Ертегі кейіпкерлерінің көлеңке театры
22	«Түлкі мен тырна» ертегісі	Ертегі тыңдап, оқиғаның өрбуіне кейіпкерлерді сипаттай білуге үйрету.	1	07.03	Сахналық қойылым

23	Қызыл телпек	Ертегі мазмұнын зейін қойып тыңдауға үйрету. Балалардың сөздік қорын молайту.	1	14.03	Кейіпкерлердің суреттері бар буклет
24	Құмырсқаның серуені. Оқу, әңгімелеу.	Балалар халық ауыз әдебиетіне деген қызығушылығын ертегілер арқылы арттыру.	1	28.03	Ертегі кейіпкерлерінің көлеңке театры
25	«Үш торай»	Үш торай туралы білімдерін толықтыру.ой-өрісін, есте сақтау қабілетін дамыту. адамгершілікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу	1	04.04	Ертегі кейіпкерлерінің көлеңке театры
26	Әдеп	Суретке қарап әңгіме айтуға үйрету. ой-өрісін, есте сақтау қабілеттерін арттыру. Әдепті болуға үйрету.	1	11.04	Ертегі кейіпкерлерінің көлеңке театры
27	«Бақша ағаштары»	ертегі тыңдап, оқиғаның өрбуіне кейіпкерлерді сипаттай білуге үйрету.	1	18.04	Ертегі кейіпкерлерінің көлеңке театры
28	Қанбақ шал	Балаларға етегі туралы білімдерін кеңейтіп, жақсы мен жаманды ажыра алуға баулу	2	25.04 02.05	Ертегі кейіпкерлерінің көлеңке театры
29	«Ұр, тоқпақ!» ертегісіне қойылым қою	Балаларды ертегімен таныстыру, кейіпкерге ене білуге үйрету, ойлау қабілеттерін, тілдерін дамыту. кейіпкерлердің қимылын жасай білуге тәрбиелеу	1	09.05	Үстел үсті театр
30	Қорытынды	Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, жақсылық жасауға, достыққа, өз ойларын еркін жеткізе білуге дағдыландыру.	1	16.05	Ертегі кейіпкерлерінен жасалған көрме
Барлығы:			36		

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Р.Б.Нұртазина, А,Д,Сейсенова «Арман» баспасы, «Мен оқимын, ойламын!» Павлодар 2003 жыл
2. Ө.К.Хасенұлы «Атамұра» «Ертегілер» Алматы 2005 жыл
3. «Бала мен балабақша» журналы №11.2009ж
3. «Бала тәрбиесі» журналы №14.2013 ж
4. «Отбасы және балабақша» ғылыми әдістемелік журнал №3.2008
5. «Балам жақсы болсын десеңіз» Д.Жігітбек
6. «Қазақтың салт-ғұрыптары» 2016 ж
7. «Бала тәрбиесі бесіктен басталады» 2015ж
8. Ерте,ерте,ертеде Журнал Педагогика пресс
- 9.Балдырған Журнал Алматы, 1998

Вариативтік компонент: «Ертегілер елінде»

Күні : 07.09.24ж

Тақырыбы: «Алтын сақа» ертегісі

Мақсаты: Ертегі кейіпкерлерінің сипаты арқылы жақсы қасиеттерге баулу ертегіні мазмұндау және талдай отыра ойларын тиянақты жеткізе білуде ойлау шеберліктерін дамыту.

«Алтын сақа» ертегісі бойынша алған білімдерін пысықтау.

Тәрбиелік: ертегіні түсіне отырып кейіпкерлерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру.

Әдіс-тәсіл: сұрақ - жауап, салыстыру

Түрлері: топпен жұмыс, деңгейлік тапсырмалар.

көрнекілігі: суреттер, кестелер

Шаттық шеңбер

Әрдайым біз бірге жүреміз,

Бірге ойнаймыз Күлеміз.

Бірге балық аулаймыз

Міне біздер қандаймыз.

Бөлінбейді іргеміз,

Әрқашан біз біргеміз.

Қазір қай мезгіл ?

Күздің ерекшелігін сұрау?

Сурет бойынша өткен ертегіні еске түсіру

(Балалар шаттық шеңберін құрып тәрбиешімен бірге қайталайды.)

Балалар жауабы: Күз мезгілінді жаңбыр көп жауады,

Жеміс жидектер піседі, ел егінін орады.

Алтын сақа ертегісі мазмұнымен сурет бойынша танысамыз.

Шал, қолында қамша, қой жайып жүреді.

-Шек, әй, кебенек! Мына ешкілер әбден мазамды алды, қой бақтым, қоңырау тақтым, сиыр бақтым, сидан қақтым, ешкі бақтым – еңіреп бақтым деген осы екен ғой.

(Уһ, шаршадым деп, малдас құрып отыра кетеді, артынан келген мыстан кемпір шалды қылқындырады.)

-Уһ, бәлем, ұсталдың ба?

Шал:

-Ойбай, ойбай, жіберші, жіберші, жаным шығып барады.

-Мыстан:

-Сен маған не бересің?

Шал:

-Бір қора қой беремін.

Мыстан:

-Жоқ мен оған риза емеспін.

Шал:

-Барлық байлығымды берейін.

Мыстан:

-Жоқ , оған да риза емеспін.

Шал:

-Онда жалғыз Кенжебек деген ұлым бар, соны берейін.

Мыстан:

-Онда , келісемін оны қайтып бересің?

Шал:

-Баламның алтын сақасы бар, соны саған беріп кетейін, балам сақасын іздеп келгенде ұстап ал.

Шал:

-Онда міне, алтын сақа, деп қалтасынан алтын сақаны алып береді де өзі кетіп қалады. Мыстан кемпір алтын сақаның қасында отырады. Бала келеді.

Бала:

-Апа, апа, анау алтын сақаны маған қарай лақтырып жіберіңізші?

Мыстан:

-Ой балам, отырсам тұра алмаймын, тұрсам отыра алмаймын, өзің ал

Сонда бала: - Мен жастықтан түссем - міне алмаймын, мінсем - түсе алмаймын, - дейді.

Сонда баланың тайы сақаның жанына жата қалады. Бала үзеңгіден аяғын суырмай, сақаны іліп алады. Тай тұра қашады. Жалмауыз кемпір тұра қуады. Бала қашып келеді. Әрі-бері қуып жете алмайтын болған соң кемпір бір тісін жұлып алып, атып жібергенде тайдың бір аяғын жұлып түсіреді. Тай үш аяғымен қашып, жеткізбейді. Кемпір тағы бір тісін жұлып лақтырғанда, тайдың тағы бір аяғы жұлынып түседі. Тай екі аяғымен шауып бара жатып, жолында бір бәйтерекке кез болады. Тай әлсірейін дейді. Терек жанына бара бергенде, бала тайынан секіріп түсіп, бәйтеректің басына шығып кетеді. Жалмауыз кемпір бәйтеректің түбін кешке дейін қазады.

Бір кезде бір қызыл түлкі келеді де, кемпірге: - Шеше, шаршаған екенсің, мен қаза тұрайын, сен ұйықтап демал, - дейді. Кемпір жатады.

Түлкі тісті суға атады да, қазған шұқырды қайта бітеп, өзі кетіп қалады. Кемпір тұра келсе, тісі де жоқ, түлкі де жоқ. Кемпір тағы бір тісін суырып алып, кетпен қылып, бәйтеректі қаза береді.

«Осындай пәлен жердегі бәйтеректің басында бала тұр, бәйтеректің түбін жалмауыз кемпір қазып жақындатқан, енді құлатуға таяу тұр», - дейді қарлығаш баланың төбеттеріне.

Мұны естіген соң төбеттер шапқаннан шауып отырып, бәйтерекке келеді. Сол кезде бәйтерек те жерге құлайды.

Баланың төбеттері, жалмауыз кемпірдің қолын қол, бұтын бұт қылып, жүн-жүнін шығарып, талап тастайды. Бала төбеттеріне кезек-кезек мініп, еліне аман-сау жетеді. Бала жалмауыздан аман-сау құтылып келгеніне әке-шешесіне қатты қуанып, ел-жұртын жиып, үлкен той қылады.

Сергіту сәті

Үңгіген ішіне,

Қорғасын құйылған.

Әдемі түсі де,

Әрі тигіш қиырдан.

Сурет бойынша музыка ырғымен жылқының шабысын, қозғылысын салу

Қауіпсіз жұмыс жүргізу ережесі

Атта дұрыс отыру, сақаны аяқпен алғанда қауіпсіздік ережесін сақтауды меңгерді.

Дидактикалық ойын : «Суреті ретімен орналастыр » Ойын шарты : алтын сақа ертегісінің кейіпкерлерін ретімен орналастырып, ертегі мазмұнын айту.

Ертегі қалай аталады ?

Суреттен танып айту

Мадақтау

Күтілетін нәтиже:

Біледі: өткенді қайталап сурет бойынша ертегілердің тақырыбын атау.

Игереді : қауіпсіздік ережесін сақтауды, өзін өзін қорғай білуді игереді.

Меңгереді : Алтын сақа ертегісінің сурет бойынша мазмұнын айтуды.

Вариативтік компонент: «Ертегілер елінде»

Күні : 14.09.24ж

Тақырыбы: «Қызыл телпек» ертегісі.

Мақсаты: Ертегі кейіпкерлерінің жағымды, жағымсыз қасиеттерін көруге үйрету. Ойын нақты және түсінікті етіп жеткізе білуге дағдыландыру

Тәрбиелек: Өтірік айтпауға, үлкенді сыйлауға, қамкор болуға, жамандық жасамауға тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдер: әңгімелесу, түсіндіру, сұрақ қою, жауап алу.

Көрнекіліктер: ертегінің мазмұнына байланысты суреттер.

Іс-әрекет кезеңдері

Тәрбиешінің іс-әрекеті

Балалардың іс-әрекеті

Мотивациялық-

қозғаушылық

Ұйымдастыру кезеңі.

Балалар шеңбер бойына тұрып, тәрбиешінің көмегімен өлең жолдарын қайталайды:

Біз қандаймыз, қандаймыз,

Шұғылалы таңдаймыз.

Күлімдеген күндейміз.

Ренжуді бізбілмейміз.

Қуанамын мен де,

Қуанасың сен де.

Қуанайық достарым,

Арайлап атқан күнге.

-Міне, жарайсыңдар, балалар! Бүгінгі оқу іс-әрекетімізді жақсы көңіл-күймен бастайық.

Шеңбер бойына тұрып, шаттық шеңберін орындайды.

-Ия.

Іздену-ұйымдастырушылық

-Балалар, айтыңдаршы, сендер ертегі тыңдағанды жақсы көресіңдер ме?

-Қандай ертегі білеміз?

-Бізді ұйықтар алдында әжеміз, анамыз ертегі айтып береді, ия, балалар?

-Ендеше, балалар бүгін біз Шарль Перроның «Қызыл телпек» атты ертегісін мазмұнын аша әңгімелесеміз.

Ертегінің кейіпкерлерімен жақынырақ танысайық.

-Ия, жақсы көреміз.

-Көп. «Бауырсақ», «Шалқан», «Алдар көсе», т.б.

-Ия, айтады.

Іздену-ұйымдастырушылық

Ертегісін оқып беру.

Суреттердің көмегімен суреттерге қарап ертегіні баяндау.

Сергіту сәті

Қорбаңдаған аюдың,

Құлпынайы көп екен.

Теріп-теріп алайық,

Қалтамызға салайық.

Жуып-жуып алайық,

Аузымызға салайық.

Ғажайып сәт

-Балалар, біздің топқа біреу келе жатыр-ау деймін. Бұл кім өзі? Балалар, кім келіп қапты?

Қызыл телпек: -Сәлем, достар! Мен Қызыл телпекпін.

-Балалар, Қызыл Телпек қайдан келіпті?

-Қызыл телпек сен қайда бара жатырсың? Сені анаң тағы да әжеңе жұмсады ма?

Қызыл телпек: -Ия, мені анам тағы да әжеме жұмсады. Әжемнің жағдайын білуге бара жатырмын.

Орманға жету үшін осы балабақша жанынан өтуге тура келеді. Өтіп бара жатып мен туралы ертегі оқып жатқандарыңды естіп әдейі келдім, достар.

-Кәнекей, достар, сендер ертегіні қалай түсінгендеріңді сұрақтар қою арқылы анықтайын.

Тәрбиеші: — Қызыл телпек, сен тынығып ал. мен балаларға саған көмектесуін сұрайын.

Суреттерді көрсету

«Жақсы-жаман», «Қай жол қысқа?» деген ойындарды ойнатамын.

Мақсаты: балаларға жаман мен жақсыны айыра білуге машықтандыру. Кеңістікті суретке қарап бағдарлай білуге дағдыландыру.

Балалар ертегіні тыңдайды.

Өлең мазмұнына сай қимыл-қозғалыс жасайды.

Балалар таң қалысып, есікке қарайды.

Қызыл телпекпен амандасады.

«Қызыл телпек» ертегісінен келді.

Балалар ойынды қызығушылықпен ойнайды.

Рефлексивті түзетушілік

Қызыл телпек сұрақ-жауап арқылы балалармен қарым-қатынас жасайды.

-Сендерге ертегі ұнады ма?

-Анам мені қайда жұмсады?

-Маған кім кездесті?

-Қасқыр қай жерге жеткенімде кездесті?

-Мен қасқырдан қорықтым ба?

-Қасқырдың қарнын жарған кім?

Тәрбиеші: -Жарайсындар, балалар! Сендер ертегіні жақсы меңгеріпсіңдер. Қызыл телпекті рахмет айтып шығарып салайық. Жолынан қалмасын. Кеш болып кетіп тағы қасқырға кезігіп қалар. Ия, балалар?

Қызыл телпек: — Рахмет, достар. – сау болыңдар! Ақылды болыңдар.

Қызыл телпек қоштасып кетеді.

Тәрбиеші балаларды бағалап, алғыстарын айтады.

-Сау болыңдар, балалар!

Сұрақтарға жауап береді.

-ия, ұнады.

-әжеме.

-қасқыр

-жоқ, қасқырмен сөйлесті. – орманда.

-Қасқырға кездеспесін.

-Сау бол, Қызыл телпек. Келіп тұр. Әжеңе сәлем айт.

Қимастықпен қоштасады.

-Сау болыңыз!

Күтілетін нәтиже:

Біледі : ертегінің мазмұнын толық білді.

игереді: кейіпкерлердің әрекетіне баға беруді, салыстыруды игерді.

Меңгерген: сұрақ-жауап арқылы жауап беруді меңгерді

Вариативтік компонент: «Ертегілер елінде»

Күні : 21.09.24ж

Тақырыбы: «Бауырсақ» ертегісі

Мақсаты: «Бауырсақ» ертегісін сахналау, таныс ертегінің мазмұнын түсіну.

Көрнекілігі: Ертегі желісі бойынша суреттер.

Міндеті: Ертегі мазмұнын түсінуге үйрету.

Диалогты сөз арқылы баланың тілін дамыту.

Ұйымшылдыққа, достыққа тәрбиелеу.

Тәрбиеші: Балалар, күнсалқын болса да, біздің жүрегіміз жылы. Жылуымызды жан-жағымызға беріп, жылулық шеңберін құрып, келген қонақтарымыз бен амандасайық.

Жылулық шеңбері:

Үлкенгедесіз,

Кішігедесіз,

Сәлем беріпсіздерге

Басиемізбіз

Тәрбиеші: Балалар ең алдымен біз әдемі орманда жүргендей болайық.

- Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

- күз мезгілі

- күз мезгілінің қандай өзгерістері бар?

- Күнсалқын, жаңбыр жауады, жапырақтар сарғаяды.

- күзде қанша ай бар?

— 3 ай бар

— сол 3 айды атап беріңдерші?

— қыркүйек, қазан, қараша

Қандай ертегілерді білеміз. Ата-аналарын сендерге қандай ертегілер оқып береді?

Бүгінгі оқу қызметіміз қандай ертегі туралы екенін білуіміз үшін мен сендерге жұмбақ жасырам

Қашып кеткен атадан,

Қашып кеткен ападан,

Орманда кеше жүр едім,

Домалап шықты алдымнан (Бауырсақ)

Сәлем балғын балалар!

Бәрін бері қараңыздар

Бауырсақ жайлы ертегі

Сіздерге сыр шертеді

Ертегіні ең қызық

Сахнаға енгіздік

Баяндайық көріңіздер

Өз бағасын беріңіздер!

- Бүгінгі оқу қызметімізде «Бауырсақ» ертегісін сахналаймыз.

Баура

Ерте ерте ертеде Кемпір мен шал болыпты. Бірде шал жалынып:

Кемпір- ау, маған бауырсақ пісіріп берсеңші.

Кемпір : Неден пісірейін? Ұн жоқ қой!

Шал: Әй кемпір- ай! Қойманың түбін қырып көрсеңші ұн табылып қалар.

Баура

Кемпірі солай істейді: қойма түбін қырып екі уыс ұн табады да , бауырсақ пісіреді, терезе алдына суытқалы суытқалы қояды. Жата-жата жалыққан бауырсақ терезе алдынан домалап түсіп, домалап кетеді. Бауырсақ жолда зымырап бара жатса, қарсы алдынан қоян шыға келеді.

Қоян

Бауырсақ! Бауырсақ! Мен сені жеп қоямын!
Бауырсақ
Жоқ, сен мені жеме, саған өлең айтып берем.
Баура
Бауырсақ қоянға өлең айта бастайды

Баура
Бауырсақ әңдетіп келе жатса, оның алдынан аю шыға келіп:
Аю
Бауырсақ!Бауырсақ! Мен сені жеп қоямын!
Бауырсақ
Жоқ, сен мені жеме, саған өлең айтып берем.
Баура
Бауырсақ аюға өлең айта бастайды
Баура
Бауырсақ әңдетіп келе жатса, оның алдынан түлкі шыға келіп:

Түлкі
Бауырсақ!Бауырсақ! Мен сені жеп қоямын!
Бауырсақ
Жоқ, сен мені жеме, саған өлең айтып берем.
Баура
Бауырсақ Түлкіге өлең айта бастайды

Бауырсақ
-Мен атадан да қаштым, ападан да қаштым,қояннан да қаштым, қасқырдан да қаштым, аюдан да қаштым, бәрінен қашып өзім жоғалып кеттім. Енді атама және апама баратын жолды таба алмай тұрмын.

Түлкі:
Бауырсақ, ал сенің үйінде сен сияқты бауырсақ бар ма? Менің қарным ашты.

Бауырсақ:
Иә, бар. Апам көп бауырсақтар пісірді. Егер сен мені үйге апарып келсең, мен саған бауырсақ беремін.

Түлкі:
Келістік. Қанекей жүре ғой.

Баура:
Осылай түлкі бауырсақты үйіне апарды. Атасы мен апасы бауырсақтың келгеніне қатты қуанады. Олар түлкіге рахмет айтып, үйге шай ішуге шақырады. Олар осылай дос болады. Осымен ертегі аяқталды.

Ал енді балалар сергіп алайық
Сергіту сәті:

Қоян болып секірейік,
Аю болып қорбаңдайық.
Қасқыр болып ырылдайық,
Түлкі болып бұлаңдайық,

Қорытындылау:

Тәрбиеші:

-Балалар ертегі сендерге ұнады ма?

Ертегідегі жағымды және жағымсыз кейіпкерлерді айыру үшін мынадай тапсырмалар орындайық.
Неліктен бұл жерде аю, қасқыр, қоян жағымды кейіпкерлерге жатады?

-Өйткені олар бауырсақты жеген жоқ

-Өте жақсы

— Ал, түлкі ше?

-Түлкі қу, айлакер

Балалар бауырсақ неден жасалады? (Ұннан)

-Ұн неден алынады? (Бидайдан)

-Бауырсақтың түсі қандай?

-Сары

Бауырсақтың пішіні қандай?

- Домалақ, шеңбер
- Бауырсақ ертегісінің кейіпкерлерін атаңдар?
- Кемпір, шал, Бауырсақ, Қоян, Қасқыр, Аю, Түлкі

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Ертегіні айтып, көрсетуді. Кейіпкерлерді дұрыс атауды;

Игереді: еңбек туралы мақал - мәтелдерді;

Меңгереді: Қарапайым қарым – қатынас сақтай білуді.

Вариативтік компонент: «Ертегілер елінде»

Күні : 28.09.24ж

Тақырыбы: «Қасқыр мен жеті лақ» ертегісі

Мақсаты: Ұжымда бірлесіп әрекет ете білу дағдыларын қалыптастыру.

Тәрбиелік «Қасқыр мен жеті лақ ертегісінің үзіндісіне тоқтала отырып бүлдіршіндердің қызығушылығын ояту.

Дамытушылық : Сөздік қорын молайту, тіл байлығын дамыту, есте сақтау, дүние танымын кеңейту.

Әдіс –тәсілдер: Сұрақ –жауап, әңгімелесу, ойын, сергіту, мадақтау, қорытындылау.

Көрнекіліктер: Картинкалар, суреттер, панарама көрнекілік.

Ойыншық жеті лақ, ешкі, қасқыр.

Шаттық шеңбері: Амандасу. Амансың ба алтын күн,

Амансың ба достарым.

Амансың ба, қонақтар,

Біз сіздерді сағындық.

Іздену - ұйымдастырушылық.

- Балалар жылдың қай мезгілі?

- Күз мезгілі.

- Күз туралы не білеміз?

Кіріспе. Енді балалар бүгінгі жаңа сабағымыз « Қасқыр мен жеті лақ» ертегісі.

- Балалар қасқыр туралы не білесіңдер?

- Қандай жануар?

- Жабайы жануар, Қауіпті аңдар қатарына жатады.

- Қасқыр туралы мына өлеңді еске түсірейік.

Мен көкжал қасқырмын,

Малшыны састырдым.

Аш болсам ұлырмын,

Ауылды торыймын.

- Ешкі, лақ қандай жануар?

- Үй жануарларына жатады.

- Етімен, сүтімен бізге пайдалы.

- Лақ туралы қандай өлең тақпақ білесіңдер.

Балалар - Лағым-ау лағым,

Ерке тотай шұнағым.

Ағаштарды кемірсең,

Құлағыңды жұламын

Ертеде бір ешкінің жеті лағы болыпты. Біреуі қара, қалғандары ақ лақ екен. Орманға баруға жиналған ешкі лақтарын шақырып алып, ақылын айтады:

- Шырақтарым, ешкімге есік ашпаңдар. Орманда қасқыр жүр. Мен келгенде

-«Шырақтарым - лақтарым, аналарың келді, сүт әкелді», - деп әндетемін. Осы кезде терезе сыртында тұрған қасқыр оның сөзін естіп қалады. Ешкі кетісімен қасқыр есікті қағып, өзінің жуан дауысымен оның әнін айтады. Бірақ лақтар оның бөтен дауыс екенін біліп, есікті ашпайды. Қасқыр саудагерге барып бор сатып алды. Бордың бір кесегін жегенде даусы аздап жіңішкерді. Осы дауыспен ән айтып еді, лақтар тағы алданбады. Қасқыр ұстаға барып, өзіне тамақ жасатып алды – даусы ешкінікі сияқты жіңішке болып шықты. Бірақ жаңа дауыстың да көмегі болмады – лақтар аяғын көріп қойып, ашпай қойды. Қасқыр жылдам наубайшыға барып, аяғына себетін ұн сатып алды. Қасқыр есік алдына қайтіп келді, ақ аяғын лақтарға көрсете созып тұрып әнге басты:-

Шырақтарым –лақтарым, аналарың келді, сүт әкелді. Қорықпаңдар, есік ашыңдар! Лақтар сеніп есік ашты! Қасқыр үйге кіріп келгенде лақтар жан-жаққа қашып, тығылып қалды. Қасқыр олардың бәрін де тауып, жеп қойды. Тек біреуін ғана байқамай қалды ол сағаттың артына тығылған еді. Қарны

тойған қасқыр ағаш көлеңкесіне жата кетіп ұйқыға кірісті. Ұзамай ешкі үйіне оралды. Есікті итерсе, есік ашық тұр. Ешкі үйге кіріп, лақтарын шақырады. Аман қалған лақ қарсы шығып, болған жайды айтып береді. Ешкі мен лағы үйдің артына шығып қараса, қасқыр көгалда шалқасынан түсіп қорылдап жатыр екен. Ешкі мүйізімен қасқырдың қарнын жарып жібергенде алты лақ шыға келеді. Бәріде аман-есен. Ешкі мен лақтардың қуанышында шек болмады. Қасқыр оянбай тұрғанда ешкі оның қарынын таспен толтырып, қайта тігіп қояды. Шөлдеген қасқыр су ішпек болып құдыққа барады. Сол кезде ішіндегі ауыр тастар оны төмен тартып, қасқыр құдыққа құлады да, батып кетті.

Қорытынды: - Балалар барлығымыз ертегіні жақсы түсіндік пе?

- Қызықты болды ма?

- Енді сергіту жасап жіберейік;

Көлбең, көлбең көлеңкем,

Көлбеңдеген көлеңкем.

Қасқыр қалай жүреді,

Қасқыр былай жүреді.

- Ал енді, балалар, бәріміз қонақтармен қоштасайық.

Қол ұстасып тұрайық,

Шеңберді біз құрайық.

Көріскенше күн жақсы ,

Сау-саламат болайық.

Біледі: ертегінің мазмұнын

Игереді: сөздік қорын молайтып, тіл байлығын дамыту барысында жаңа сөздерді

Меңгереді: ермексаздан лақ жасауды меңгеру

Вариативтік компонент: «Ертегілер елінде»

Күні : 05.10.24ж

Тақырыбы: «Қасқыр мен жеті лак» ертегі оқу

Мақсаты: Балалардың сөздік қорын молайту, тіл байлығын дамыту.

Тәрбиелік: Байланыстыра сөйлеу дағдыларын қалыптастыру.

Дамытушылық:Ертегінің мазмұнын түсінуге, кейіпкерлердің әрекеттеріне баға беруге көмектесу.

Көрнекіліктер: Суреттер.

Әдіс-тәсілдер: Жұмбақ жасыру, оқу, сұрақ-жауап, ойын .

Шаттық шеңбері.

Армысың, шапағатты Күн-Ана,

Армысың, мейірімді Аспан-Ана,

Армысың, қасиетті Жер-Ана,

Армысың, балабақша, достарым!

Жұмбақ жасырады

Белестен шапқан бесті ат,

Бүкір келген желісті ат.

Бейғам елді іздейді,

Малдан күдер үзбейді.

(үстел үстіне ойыншық қасқырды қояды).

Басында таяғы бар,

Төрт аяғы бар.

Адам деуге болмайды,

Бірақ сақалы тағы бар.

(үстел үстіне ойыншық ешкіні қояды).

«Қасқыр мен жеті лак» ертегісін әңгімелеп беру.

Сұрақ-жауап арқылы ертегінің мазмұнын пысықтау.

Сергіту сәті:

Күндей болып күлеміз,

Гүлдей болып өсеміз.

Құстай болып ұшамыз,

Көбелектей қонамыз.

Дидактикалық ойын: «Үйшігін тап»

Мақсаты: Жабайы аңдар туралы білімін бекіту. Балалардың тез ойлау қабілетін, зейінін тәрбиелеу, белсенділігін арттыру.

Шарты: Жабайы аңдардың үйшіктерін таба білу. Балалар жабайы аңдарды өз үйшіктеріне орналастыру керек. Мысалы: аю–апанда, т.б

Күтілетін нәтиже:

Білуі керек:Жұмбақты шеше білуі керек.

Болуы керек:Жабайы аңдарды үйшіктерне орналастыруды игереді.

Қолынан келуі керек:Ертегіні тыңдай білді.

Вариативтік компонент: «Ертегілер елінде»

Күні : 12.10.24ж

Тақырыбы: «Мақта қыз бен мысық»

Мақсаты: Сөздік қорын молайту, үй жануарларына деген қамқорлыққа тәрбиелеу.

Тәрбиелік : Балаларды көркем шығармамен таныстыру, ынта қойып тыңдауға дағдыландыру. Оқиға желісі бойынша дауыс ырғағын түрлендіре отырып, әңгімелеп айтып беруге үйрету.

Дамытушылық: Жұмбақ, жаңылтпаш мақал – мәтелдерді жаттату арқылы баланың тілін дамыту.

Әдіс – тәсілдер: жұмбақ шештіру сұрақ – жауап жаңылтпаш мақал – мәтелдер айту әдістері қолданылады.

«Шаттық шеңбері»

Қуан шаттан алақай,

Қуанатын күн келді.

Күліп шықты күн бүгін,

Қайырлы таң!

Қайырлы күн!

Сәлеметсіздер ме апайлар!

Сәлеметсіздер ме балалар!

Балалар жылы лебізбен көңіл күймен апайларға амандасады.

Бір жылда неше мезгіл бар? – Төрт мезгіл. Күз, қыс, көктем, жаз.

Жылдың қазір қай мезгілі? – Қыс мезгілі

Қыс мезгілі неше айға бөлінеді? – Үш айға. Желтоқсан, қаңтар, ақпан.

Қазір қандай ай? – Желтоқсан айы

Қыс мерзімінің ерекшеліктері қандай? – Күн суық, жел, боран, аяз, адамдар жылы киімдерін киеді

Қыс мезгілі туралы жұмбақ, тақпақтар білеміз бе?

Қыста жер бетін басады,

Жазда сайға қашады. (Қар)

Қыс келді, қыс келді,

Ақтарып ақ қарды.

Аралап қайтайық,

Ақ күміс бақтарды.

Кәне өткен сабақты есімізге түсірейікші. Кәне мынау қандай ертегі?

Түлкі келе жатып, қайда түсіп кетеді?

Түлкіге кім кездеседі?

Ешкі түлкіге не дейді? – Ей, түлкіжан сен не істеп тұрсын.

Түлкі: Жаным жай тауып тұр, қырда шөлдеп едім, апанда тұп – тұнық су бар рахаттанып тұрмын.

Балалар: - «Түлкі мен ешкі» ертегісі

Ал бүгінгі оқу іс – әрекетімізде Ыбырай Алтынсарин аталарың жазған «Мақта қыз бен мысық» ертегісін оқып беремін.

Балалардың зейінін тақтада ілулі тұрған бейнелі суретке аударады.

Ерте, ерте, ертеде «Мақта қыз бен мысық» болыпты. Бір күні Мақта қыз үй сыпырып жүріп, миіз тауып алады. Мақта қыз мысықты шақырады, келмейді бір кезде мысық келеді. Апа мені неге шақырдың?

Келмегесін мейізді жеп қойдым. Мысық мақта қыздың қатығын төгіп тастайды. Ал мақта қыз болса мысықтың құйрығын жұлып алады. Мысық сиырға келеді. Сиыр, сиыр маған қатық берші? – деді.

- Жоқ, менің қарным ашып тұр дейді. Мысық ағашқа келеді. Ағаш, ағаш маған жапырақ берші.

Ағаш: мен шөлдеп тұрмын, маған су әкеліп бер дейді. Мысық қыздарға барады. Қыздар, қыздар су берші дейді.

Қыздар: бізге сағыз әкеліп берсең, біз саған су береміз. Дүкенші жұмыртқа бер дейді. Тауық жұмыртқа әкеліп берші дейді. Сен маған дән әкеліп бер дейді. Енді мысық не қыламын деп келе жатса ін қазып жатқан тышқанға кездеседі. Жаныңның барында айт – дейді. Тышқан қорыққаннан: үйімде бір уыс қана тарым бар – дейді. Тышқан тарыны тауыққа береді. Тауық жұмыртқа береді.

Жұмыртқаны дүкеншіге береді, дүкенші сағыз береді, сағызды қыздарға береді, қыздар су береді, суды ағашқа береді, ағаш жапырақ береді, жапырақты сиырға береді, сиыр қатық береді, қатықты мақта қызға береді, мақта қыз мысыққа құйрығын береді. Мақта қыз бен мысық мұрат – мақсаттарына жетіп дос болыпты.

Осы ертегіге байланысты жұмбақтар, жаңылтпаш, мақал – мәтел білеміз бе?

Жұмбақтар

Ұрлап ішіп үйде сүтті қоймайды,

Өз құйрығын өзі қуып ойнайды.

Ол не? (мысық)

Ай далада ақ отау,

Аузы мұрны жоқ отау.

Ол не? (жұмыртқа)

Қыста киімін тастайды,

Көктемде киіне бастайды.

Ол не? (ағаш)

Шайнап – шайнап күнімен,

Тауыса алмадым бұны мен.

Ол не? (сағыз)

Жаңылтпаш

Пеш үстінде бес мысық,

Пеш түбінде бес мысық.

Бес күзетші бес пысық.

Мақал – мәтел

Еңбек етсең ерінбей,

Тояды қарның тіленбей.

Еңбектің наны тәтті,

Жалқаудың жаны тәтті.

Балалар мен сендерге қандай ертегі оқып бердім? – «Мақта қыз бен мысық» ертегісі.

Бұл ертегіні кім жазды? – Ыбырай Алтынсарин атамыз.

Кәне балалар ойын ойнайық. Ойын: «Кейіпкерлер не дейді»

Ойын шарты: Тақтада ертегі кейіпкерлері ілінген суреттер бар артында бірнеше сұрақтар берілген.

Сұрақтарға толық жауап беру керек.

Мысық қатықты неге төкті?

Мақта қыз мысықтың құйрығын неге жұлып алды?

Ағаш не сұрады?

Сиыр не сұрады?

Қыздар мысықтан не сұрады?

Дүкенші мысықтан не сұрады?

Тауық мысықтан не сұрады?

Мысық тышқаннан не сұрады?

Көрдіндер ме, балалар өз кесірлігінен құйрығынан айрылған мысық, қаншама еңбек етіп жүріп, құйрығын қайтарып алады.

Қорытындылай отырып осы ертегіні сахналап жіберейік.

Күтілетін нәтиже.

Білу: Балалар оқиға желісі бойынша дауыс ырғағын түрлендіре отырып әңгімелей білу.

Игеру: Балалар ертегі кейіпкерлері арқылы қуыршақ театрын сахналауды игеру.

Меңгеру: Жұмбақ, жаңылтпаш, мақал – мәтелдерді айта білуді меңгеру.

Вариативтік компонент: «Ертегілер елінде»

Күні : 19.10.24ж

Тақырыбы: «Қарлығаш пен дәуіт» ертегісі

Мақсаты: Достыққа, сүйіспеншілікке тәрбиелеу.Ертегінің мазмұнын айтуда мазмұнның жүйелілігін сақтауға үйрету; Ертегіні тыңдата отырып, Қарлығаш адамға дос екенін, Дәуіттің адалдығын балаларға түсіндіру.

Білімділік: Балаларды бір-біріне көмектесуге, қиналған кезде көмек беруге, бір-біріне қамқор болуға үйрету.

Дамытушылық: Ертегі мазмұны бойынша ертегіні сахналай білуге дағдыландыру.

Тәрбиелік: Балалардың бойында мейірімділік, достық сезімдерін тәрбиелеу.

Әдіс – тәсілдер: көрсету, түсіндіру, сұрақ – жауап, триз элементері, ойын, әңгімелеу, сергіту сәті, сахналау.

Оқу іс – әрекетінің көрнекілігі: Қарлығаш, дәуіт, көкек, қарға, жыланның суреттері. бет перделер Қажетті құрал жабдықтар: тақта, аудио видео ,мультимедиа, қиылған ертегі суреттері.

Билингвальды компонент: Қарлығаш- ласточка, Қарға- ворона, Көкек- кукушка, Жылан- змея, дәуіт-богомол .

I. Кіріспе

Жылулық шеңбері

Армысың көк аспан

Армысың асыл жер

Армысың алтын күн

Армысындар достарым

Тосын сый. Есік қағылады.

Ішке ертегілер елінен келген Тазша бала кіреді. Балалармен сәлемдеседі. Тазша бала өзімен бірге жұмбақ, ертегі ала келгенін айтады.

Тазша баланың жұмбағы:

Қонып алып жарға, қарқылдайды... (қарға)

Өзі жасыл, әрі батыр, ол не? (дәуіт)

Өзі қара, бауыры ақ, ол не? (қарлығаш)

II. Негізгі бөлім

Балалар қай құстың шырылдаған дауысы? (Қарлығаш)

«Қарлығаш пен дәуіт» ертегісі

Ал балалар осы ертегі желісін Бейне-ролик арқылы көріп алайық.

Ой бәрекелді ертегіні көріп алдық енді бұл ертегіні көргенде қандай әсер алдыңдар?

1. Осы ертегіде қандай кейіпкерлер бар?

2. Ертегі кейіпкерлерінің дауысын салайық?

3. Ал біз ертегімен таныстық, енді осы ертегіні сахыналайықшы? Кім қандай кейіпкер болғысы келеді?

1.Топтастыру сурет бойынша

Қарлығаш – адамға дос, баласын жақсы көреді, бауырмал, досына мейірімді.

Дәуіт – адал дос, батыр адал ерлік көрсетті.

Жылан – улы болады, бауырмен жорғалайды, өрмелейді, уынан дәрі жасайды, жылан жыл аты.

Көкек – ай аты.

Шығармашылық: «Қарлығашты құрастыр»

Шарты: Балаларға қарлығаштың бөліктері беріледі. Балалар бөліктерден қарлығаштың бейнесін құрастыру керек.

Сергіту сәті:

Қане қанат қағайық, қарлығаш боп ұшайық,

ұшып-ұшып алайық, орнымызға қонайық.

Қарлығаш боп ұшайық, торғай болып қонайық,

Сауысқан боп секіріп, тоқылдақ боп шоқиық.

(Қимылмен көрсетеді).

Қарлығаш жардың қуысына ұя салып, балапан шығарыпты. Анасы азық әкелуге кеткенде, балапандары шыдамсыздана күтумен болады екен..

Бір күні қарлығаштың ұясына жылан өрмелеп бара жатады. Мұны көрген қарлығаш шыр-шыр етіп, балапандарына арашашы іздейді. Ұшып көкекке барады.

Қарлығаш-Нүрәли : «Көкек, маған көмек бере гөр, балапандарымды жылан жейін деп жатыр!» – дейді.

Көкек- Перизат:— Бүркіт қонаққа шақырып еді, уақытым жоқ, – дейді көкек.

Автор:Қарлығаш ұшып қарғаға келеді.

Қарлығаш:Нүрәли – Қарғажан, маған көмек бере гөр. Балапандарымды жылан жегелі жатыр, – дейді жылап тұрып.

— Қарға қарлығашқа бұрылып қарамастан:

Қарға-Асылым Аймұханова : Мен үйленейін деп жатырмын, мазамды алма! – дейді маңғазданып.

Автор:Рысты Қарлығаштың амалы таусылып, шырылдап ұшып келеді.

Қарлығаш дәуітті көріп .

Қарлығаш:Нүрәли Улы жылан балапандарымды жұтпақшы болып, ұяма өрмелеп барады.

Дәуіт-Мейірхан:—Олай болса, мені тезірек жеткіз,-дейді дәуіт.

Автор:Қарлығаш қанатын тосады. Қарлығаш пен дәуіт көзді ашып-жұмғанша ұяға жетеді.

Дәуіт ұяға жетіп қалған жыланға тап береді. Жылан сылқ етіп жерге құлап түседі.

Дәуіттің ерлігіне сүйсінген қарлығаш онымен айнымас дос болады.

Содан бері талай заман өтсе де, қарлығаш пен дәуіт бір ұяда тұрып, бірге өмір сүретін болған екен.

Жылан-Алинұр

Балапандар—

Ойын: «Кім шапшаң»

Қарлығаш бейнесіне қағаз бөліктерін жапсыру арқылы әсемдеу.

III.Рефлексия«Достық үйі»

Шарты: балалар берілген қағаз киындыларынан достық үйін құрауы қажет бүгінгі сабақтан алған әсерін анықтау мақтау, мадақтау.

Ал,балалар тұрайық,

Үлкен шеңбер құрайық.

Кездескенше күн жақсы,

Сау,саламат болайық

Біледі: ертегіге кездескен кейіпкерлердің қимыларын жасай алады.

Игереді: ертегі желісі бойынша қарлығаш еңбекқор, дәуіт қамқор екенін түсінеді.

Менгереді: ертегі мазмұны бойынша рөлге бөлініп ойнайды.

Вариативтік компонент: «Ертегілер елінде»

Күні : 26.10.24ж

Тақырыбы: «Үйшік» ертегісі

Мақсаты: Балаларды «Үйшік» ертегісімен таныстыру. Ертегінің мазмұнын түсіндіру арқылы, сөздік қорын, ойлау қабілетін дамыту.Ертегіні сахналау барысында кейіпкерлердің бейнесіне еніп, балаларды достыққа, татулыққа тәрбиелеу.

Мақсаты: Ертегі арқылы қайырымды, мейірбан болуға тәрбиелеу.

Білімділігі: Балаларды ертегінің айқын образын көрсете білуге,ертегі туралы түсініктерін бекіте отырып, сөйлеу мәдениетін,еркін сөйлеп өз ойларын дұрыс жеткізу арқылы ауыз әдебиетіне деген қызығушылықтарын арттыру.

Дамытушылығы: Ертегіні сахналау арқылы балалардың тіл байлығын, ой қиялын дамыта отырып, рөлге кіре білуге үйрету.

Сәлеметсіздерме балалар?

– Мен сиқыршы көктем, сіздерге қонаққа келдім. Қазір жылдың қай мезгілі? Мен қандай сиқыр жасай алатынымды білесіз бе? Дұрыс айтасындар, мен табиғатты қысқы ұйқыдан оятамын.

Ормандағы жануарлар, құрт – құмырсқалар, ағаштар, гүлдер оянады. Қар еріп, гүлдер гүлдейді. Сендер көктем мезгілін жақсы көресіз бе? Мен сіздерге бос қолмен келген жоқпын, менің қолымда сандығым бар. Бұл сандық жәй сандық емес-сиқырлы сандық. Қараңдаршы қандай әдемі сандық. Сандықтың ішінде не бар екен? Балалар сиқырлы сандық ашылмайды. Мүмкін ішінде ертегі бар шығар. Ертегі жұмбақтарға тығылып қалыпты. Қане, енді жұмбақтарды шешіп көрейік. Егер жұмбақтардың шешулерін дұрыс тапсақ ертегі бізге келеді.Оның ішінде не бар екенін білгіңіз келе ме? Ол үшін біздер жұмбақ шешу керекпіз:

1. Қыс бойына жатады,

Тәтті ұйқыға батады. /Аю/

2. Қалқиған ұзын құлағы,

Елеңдеп қорқып тұрады. /Қоян/

3. Өзі бір қу,

Жүрген жері шу./Түлкі/

4. Күші десең, күші бар,

Тісі десең, тісі бар. /Қасқыр/

5. Таңдайлары тақылдап,

Шулайтын кім шалшықта

Бірін-бірі мақұлдап./Бақа/

6. Үй-ішін аралап,

Түнде көп жортады.

Қаптарды жыртады,

Мысықтан қорқады. /Тышқан/

Жарайсындар, балалар барлық жұмбақтардың шешулерін дұрыс таптындар. Міне сиқырлы қорап бізге қаншама әдемі кейіпкерлерді сыйлайды.

Ертегі бізге қонаққа келді. Біздің бүгінгі ертегіміз қалай аталады?

Балалар: «Үйшік ертегісі»

Дұрыс айтасындар. Ал, балалар біздің бүгінгі «Үйшік» ертегімізді тамашалайық. Ерте, ерте, ертеде орманда жәндік, жануар, аңдар өмір сүріпті. Олар тышқан, бақа, қоян, түлкі, қасқыр, аю.

Көктем: Болады екен орманда неше түрлі ғажайыптар.

Бір күні тышқан келе жатып, ән айтып:

Өзім егін екпеймін,

Егістен ұзап кетпеймін.

Мысық қуса жетпеймін,

Мен қап тесер тышқанмын деп,

орманда әдемі үйшікті көріпті, үйшік жаңа, жылы, әдемі болыпты. Үйшікті көріп қалған тышқан үйшікке жүгіріп келеді.

Тышқан: Мен суықта тоңып жүрсем. Қандай әдемі, жаңа, жылы үйшік. Мен енді осында тұрамын.
Сол кезде шыршалардың арасынан бақа әндетіп шығады:
Мен бақамын, бақ-бақ,
Басым менің жалпақ.
Су түбінде көп жүріп,
Басым содан жалпақ.

Бақа: Бұл үйшікте кім тұрады?

Тышқан: Қап тесер тышқан тұрады.

Ал сен кімсің?

Бақа: Мен секек бақамын. Үйшікке мені де кіргізші.

Тышқан: Мұнда орын жетеді.

Шыршалардың арасынан қоян шығады.

Мен ақ қоянмын, ақ қоянмын,

Қалқиған ұзын құлағым.

Құлағымды жел үніне,

Тігіп жатар сақ қоянмын.

Қоян: Бұл үйшікте кім тұрады?

Тышқан: Қаптесер тышқан тұрады.

Бақа: Секек бақа тұрады. Ал сен кімсің?

Қоян: Мен зымырауық қоянмын. Мен де үйшікке кіргізіңдерші. Мен суықта тоңдым.

Бақа: Бізде орын жетеді. Кір қоян.

Үйшікке түлкі бикеш келеді.

Ананы да алдаған,

Мынаны да алдаған.

Жүрген жері шу,

Мен түлкімін қу.

Түлкі: Үйшікте кім тұрады?

Тышқан: Қаптесер тышқан тұрады.

Бақа: Секек бақа тұрады.

Қоян: Зымырауық қоян тұрады. Ал сен кімсің?

Түлкі: Мен түлкі бикешпін. Менде үйшікке кіргізіңдерші. Мен суықта әбден тоңдым. Маған көмектесіңіздерші.

Қоян. Мұнда орын жетеді. Үйшік жылы, жаңа, әдемі кел кір түлкі.

Шыршалардың арасынан қасқыр шығады.

Мен қасқырмын, қасқырмын,

Қозы ұрлайтын өрістен.

Ұйқым келмейді егерде,

Қозы етін жемесем.

Бұл үйшікте кім тұрады?

Тышқан: Қаптесер тышқан тұрады.

Бақа: Секек бақа тұрады.

Қоян: Зымырауық қоян тұрады.

Түлкі: Түлкі бикеш тұрады.

Ал сен кімсің?

Қасқыр: Мен қасқырмын. Мені де кіргізіңдерші. Бізде орын жетеді. Кел, кір қасқыр.

Шыршалардың арасынан аю шығады.

Кезген ішін орманның,

Мен аюмын қорбаңмын.

Қалың нудан бал таңдап,

Жүремін мен балпаңдап.

Аю: Бұл үйшікте кім тұрады?

Тышқан: Қаптесер тышқан тұрады.

Бақа: Секек бақа тұрады.

Қоян: Зымырауық қоян тұрады.

Түлкі: Түлкі бикеш тұрады.

Қасқыр: Қасқыр тұрады.

Ал сен кімсің? Мен аю аталарыңмын. Мені де кіргізіндерші.

Тышқан: Жоқ!

Бақа: мұнда орын жоқ!

Қоян: сен дәусің қалай кіресің?

Аю: — Қорықпаңдар түкте болмайды, — деп аю олардың сөздеріне құлақ аспайды.

Үйшіктің тұрғындары амалсыздан келіседі. Аю қорбаңдап үйшіктің төбесіне шығады. Сол- ақ екен , ескі үйшік сықырлап шашылып қалады. Тықырлауық тышқан, бақылдауық бақа, қорқақ қоян, ку түлкі, сұр қасқыр барлығы аман – есен үйшіктен шығып үлгереді. Аюға олар ренжімейді. Қайта , барлығы бірігіп , бөренелерді тасып , тақтайларды сүргілеп , жаңа үйшік тұрғызуға кірісіп кетеді. Осылайша , достар өздеріне әп – әдемі , жаңа үйшік тұрғызып алады.

Балдырған баламыз,

Досты көп табамыз.

Қашан да, достар бір біріне

Сенімді боламыз!

Күтілетін нәтиже:

Біледі: ертегіні тыңдай отырып, еске түсіреді, ертегіні рөлге бөлініп ойнайды.

Игереді: Барлық аңдар ақылды екендігін түсінеді.

Менгереді: ертегіні сахналау арқылы байланыстыра сөйлеуге дағдыланады.

Вариативтік компонент : «Ертегілер елінде»

Күні : 02.11.24ж

Тақырыбы: «Шалқан» ертегісі

Мақсаты: Балаларға ертегі туралы түсініктерін кеңейтіп, айырмашылығын ажырата білуге үйрету.

Сөздік қорларын молайту Балаларға ертегілер әлеміне еніп, жақсы көңіл - күй сыйлау. Оларға.

Логикалық ойлауын жетілдіріп, адамгершілік тәрбиесіне баулу.

Білімділігі: Балаларды ертегінің айқын образын көрсете білуге, ертегі туралы түсініктерін бекіте отырып, сөйлеу мәдениетін, еркін сөйлеп өз ойларын дұрыс жеткізу арқылы ауыз әдебиетіне деген қызығушылықтарын арттыру.

Дамытушылығы: Балаларға қызықты тапсырмалар орындата отырып, шығармашылық құзіреттілігін дамыту

Шаттық шеңбер:

Қуан, шаттан, алақай!

Қуанатын күн келді.

Күліп шықты күн бүгін,

Қайырлы таң! Қайырлы күн!

Тәрбиеші: Дұрыс, балалар. Ал қазір қандай жыл мезгілі?

Балалар: Қазір күз мезгілі.

Тәрбиеші: Күз мезгілінің ерекшеліктерін айтып беріңдерші.

Балалар : Күзде күн салқын болады, жаңбыр жауады, боран болады және т. б.

Тәрбиеші: Біз«Алтын күз»ертеңгілігінде «Шалқан» ертегісінің қойылымын қойғанбыз. Есімізге түсіріп көрейікші.

Балалар: Ертегі желісін кезек - кезек айта отырып, кейіпкерлерді тақтаға орналастырады

Тәрбиеші: Жарайсыңдар, өте ақылды екенсіңдер.

Ал енді канша кейіпкер бар екен, санап көрейікші

Балалар: Балалар санайды

2. Ойын: «Кім тапқыр?»

(Тәрбиеші ертегі кейіпкерлерінің орнын ауыстыру және алып тастау арқылы балалардың байқампаздығын арттырады)

Топқа бөлеміз

1 топ: Жапсыру

Ертегі сюжеті бойынша кейіпкерлерді қағаз бетіне желіммен жабыстыру

Т: Балалар ертегі кейіпкерлері жабыла отырып нені суырып алды?

Б: Шалқанды

Т: Шалқан жеміс пе, көкөніс пе?

Б: Көкөніс

Т: Керемет, балалар, өте жақсы жауап бердіңдер!

Билингвалды компонент: шалқан - репка

2 топ: Мүсіндеу

Шалқанды мүсіндеу

3 топ Сурет салу:

Шалқан бейнесін дәстүрден тыс сурет салу арқылы бейнелеу

Сергіту сәті: Музыка желісімен қимыл жасау

Балалар, шаршаған боларсыңдар, кәзір серігіп алайық. Орнымыздан тұрайық.

3. Рефлексиялық түзету

Сұрақ - жауап:

Тәрбиеші: Біз бүгін қандай ертегіні еске түсірдік?

Қандай тапсырмалар орындадық?

Сендерге оқу қызметі ұнады ма?

(Балалар жауап беріп, өз әсерлерін айтады)

Мадақтау.

Тәрбиеші: Осымен оқу қызметіміз аяқталды. Рахмет, балалар! Қонақтармен қоштасайық.

Балалар: Сау болыңыздар!

Күтілетін нәтиже:

Біледі: ертегіні тыңдай отырып, еске түсіреді, ертегіні рөлге бөлініп ойнайды.

Игереді: Барлық аңдар ақылды екендігін түсінеді.

Меңгереді: ертегіні сахналау арқылы байланыстыра сөйлеуге дағдыланады.

Вариативтік компонент : «Ертегілер елінде»

Күні : 09.11.24ж

Тақырыбы:Алтын балық.

Мақсаты: Су асты тіршілік иелері туралы түсінік беру, зейінін дамыту Қоршаған ортамен таныстыра отырып,балықтар туралы түсінік беру.Ертегіні тыңдау арқылы бірнеше бөліктен тұратын заттарды геометриялық пішіндерді құрастыру арқылы,ұсақ саусақ моторикасын дамыту.Балаларды қамқорлық жасауға тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар:слайд,алтын балық суреті.

Сөздік жұмыс:балдыр,жүзу,алтын балық.

Блингвальды компонент:су-вода,алтын балық-золотая рыба.

Шаттық шеңбері.

Алақанды ашайық,

Күннің нұрын салайық.

Жүрек жылуын салайық.

Осы жақсы лебіздерді бір-бірімізге сыйлайық.

-Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

-Күз мезгілі.

-Бүгін біз кіріктірілген,оқу қызметінде Алтын балық ертегісі туралы әңгімелейміз.

Жұмбақ.

Суда өседі,өнеді,

Сыртқа шықса өледі.Бұл не?

-Балық.

-Балалар,сендер балық туралы қандай ертегілерді білесіңдер?

Дұрыс айтасындар,тілегімізді орындайтын Алтын балық ертегісінен үзінді көрейік.

-Балалар,қандай ертегі көрдіңдер?

-Алтын балық.

-Алтынбалық шалдың тілегін орындады ма?

-Ия.

-Ал балалар балықтардың қандай ерекшеліктерін,немен қоректенетінін білесіңдер ме?

-Өсімдіктермен,балдырмен құрттармен қоректенеді.

-Балалар,балықтар туралы тақпақтар білесіңдер ме?

1-2 бала тақпақ айтады.

Ғажайып сәт.

Топқа теңіз патшасы кіреді.

-Сәлеметсіңдерме,балалар?Мен теңіз патшасымын.Сендер менің байлығым туралы білесіңдер ме?

Сендер алтын балықты көргілерің келіп тұрған шығар?

Қанекей,сиқыр жасап көрейікші!

Алтын балық келеді.

-Балалар,балық сусыз өмір сүре алмайды.Алтын балығымызды теңіз патшасымен бірге теңізге жіберейік.

Ал,балалар теңіз патшасымен қоштасайық.

-Сау болыңыз!

Балаларға бірнеше бөліктерден тұратын геометриялық пішіндер арқылы алтын балықты құрастыру.

Сергіту сәті.

Түп тұнық мөлдір суда,

Балық жүзіп жүр екен.

Біресе керіледі,біресе жиырылады.

Біресе құмға тығылады,біресе жүзеді.

Ойын; Балық аулау

Шарты:ыдыстағы балықтарды аулау және оның тазалығына қамқор болу.

Қорытынды:

- Балалар,бүгін біз не білдік?Не үйрендік?
 - Қандай балықтың суретін бейнеледік?
 - Үнемі балықтарға қамқорлық жасап жүруіміз керек.
- Балаларды мақтап,мадақтау.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: ертегіге кездескен кейіпкерлердің қимыларын жасай алады.

Игереді: ертегі желісі бойынша алтын балық ертегі желісін түсінеді.

Меңгереді: ертегі мазмұны бойынша рөлге бөлініп ойнайды.

Вариативтік компонент : «Ертегілер елінде»

Күні : 16.11.24ж

Тақырыбы. «Алтын сақа» ертегісі.

Мақсаты. Ертегі кейіпкерлерінің сипаты арқылы жақсы қасиеттерге баулу

1. Білімділік. Балаларға ертегілер туралы түсініктерін кеңейту.
2. Дамытушылық. Ертегіні оқыта отырып мазмұнын, мәнін түсіне білуге үйрету, сөз байлығын жетілдіру.
3. Тәрбиелік. Қазақ ертегілеріне қызығушылықтарын артыру,

Көрнекіліктер: суреттер, плакат

әдіс- тәсіл. Сұрақ - жауап, бір - біріне түсіндіру, баяндау, оқу, бекіту..

«Алтын сақа» ертегісі.

Ертегі желісін балаларға түсіндіру балалар сақа – деген асықтардың ішіндегі үлкендеуі және ауырлауы себебі оған қорғасын құйылады, онымен асықтарды атып ұтуға болады.

«Алтын сақа» ертегідегі кейіпкерлерді атаңдар?

Кейіпкерлер: Бай, бала, жалмауыз кемпір, түлкілер, қарлығаш, төбеттер, ат,.

Ертегідегі жағымды, жағымсыз кейіпкерлерді ата?

Жағымды: Бала, қарлығаш, ат, ит, түлкі.

Жағымсыз: Жалмауыз кемпір, бай.

Ертегіде кездесетін кейбір сөздердің мағынасымен таныстыру.

Балалар ертегі желісіндегі кейіпкерлер мінездеме беріп көрейікші қандай ?

Жалмауыз кемпір: арам, зұлым, кәрі, жаман.

Бала: (қандай) ақылды, тапқыр, қайырымды..

Бай(қандай) қорқақ, саран, ақымақ.

Ертегідегі бала мен жалмауыз кемпірдің іс әрекеттері.

Бала: тайға мінді, сақасын тапты, қашты, терек басына шықты, көмек сұрады, құтылды.

Жалмауыз кемпір: судан шықты, байды ұстап алды, баланы қуды, ағаштың түбін қазды, өлді.

Ертегі өмірден алынады. Осы ертегідегі кейіпкерлердің қандай екенің білдік, мінездеме бердік, жақсы мен жаманды айыра білдік.

Балалар кім айтады бала кімді жеңді? (жалмауыз кемпірді)

Балаға көмекті нелер көрсетті?(қарлығаш, иттер.)

Балалар үйде ертегіге байланысты суреттер салып келу. осы суреттер бойынша сөйлем құрастыру.

1Жалмауыз кемпірдің жанында сақа жатыр. Қарлығаш баламен дос. Бала көлге келді. Бала алтын сақасын алды. Қызыл түлкі жалмауыз кемпірді алдады.

қорытындылау: Ертегіден үзінді көрініс көрсету.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: ертегіні тыңдай отырып, еске түсіреді, ертегіні рөлге бөлініп ойнайды.

Игереді: ертегі желісін түсінеді.

Менгереді:ертегіні сахналау арқылы байланыстыра сөйлеуге дағдыланады.

Вариативтік компонент : «Ертегілер елінде»

Күні : 23.11.24ж

Тақырыбы: «Бауырсақ» ертегісі

Мақсаты: «Бауырсақ» ертегісін сахналау, таныс ертегінің мазмұнын түсіну. Өзара сүйіспеншілік қарым-қатынасқа тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Ертегі желісі бойынша суреттер.

Міндеті: 1.Ертегі мазмұнын түсінуге үйрету.

2.Диалогты сөз арқылы баланың тілін дамыту.

3.Ұйымшылдыққа, достыққа тәрбиелеу.

Тәрбиеші: Балалар, күнсалқын болса да, біздің жүрегіміз жылы. Жылуымызды жан-жағымызға беріп, жылулық шеңберін құрып, келген қонақтарымызбен амандасайық.

Жылулық шеңбері:

Үлкенге де сіз,

Кішіге де сіз,

Сәлем беріп сіздерге

Бас иеміз біз

Тәрбиеші: Балалар ең алдымен біз әдемі орманда жүргендей болайық.

-Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

-күз мезгілі

-күз мезгілінің қандай өзгерістері бар?

-Күнсалқын, жаңбыр жауады, жапырақтар сарғаяды.

-күзде қанша ай бар?

— 3 ай бар

— сол 3 айды атап беріңдерші?

— қыркүйек, қазан, қараша

Қандай ертегілерді білеміз. Ата-аналарын сендерге қандай ертегілер оқып береді?

Бүгінгі оқу қызметіміз қандай ертегі туралы екенін білуіміз үшін мен сендерге жұмбақ жасырам

Қашып кеткен атадан,

Қашып кеткен ападан,

Орманда кеше жүр едім,

Домалап шықты алдымнан (Бауырсақ)

Сәлем балғын балалар!

Бәрін бері қараңыздар

Бауырсақ жайлы ертегі

Сіздерге сыр шертеді

Ертегіні ең қызық

Сахнаға енгіздік

Баяндайық көріңіздер

Өз бағасын беріңіздер!

-Бүгінгі оқу қызметімізде «Бауырсақ» ертегісін сахналаймыз.

Бауырсақ

Ерте ерте ертеде Кемпір мен шал болыпты. Бірде шал жалынып:

- Кемпір- ау, маған бауырсақ пісіріп берсеңші.

Кемпір

- Неден пісірейін? Ұн жоқ қой!

Шал

- Әй кемпір- ай! Қойманың түбін қырып көрсеңші ұн табылып қалар.

Бауырсақ

Кемпірі солай істейді: қойма түбін қырып екі уыс ұн табады да , бауырсақ пісіреді, терезе алдына суытқалы суытқалы қояды.Жата-жата жалыққан бауырсақ терезе алдынан домалап түсіп, домалап кетеді. Бауырсақ жолда зымырап бара жатса, қарсы алдынан қоян шыға келеді.

Қоян

Бауырсақ! Бауырсақ! Мен сені жеп қоямын!

Бауырсақ

Жоқ, сен мені жеме, саған өлең айтып берем.

Бауырақ

Бауырсақ қоянға өлең айта бастайды

Бауырсақ

Бауырсақ әңдетіп келе жатса, оның алдынан аю шыға келіп:

Аю

Бауырсақ!Бауырсақ! Мен сені жеп қоямын!

Бауырсақ

Жоқ, сен мені жеме, саған өлең айтып берем.

Бауырсақ

Бауырсақ аюға өлең айта бастайды

Бауырсақ

Бауырсақ әңдетіп келе жатса, оның алдынан түлкі шыға келіп:

Түлкі

Бауырсақ!Бауырсақ! Мен сені жеп қоямын!

Бауырсақ

Жоқ, сен мені жеме, саған өлең айтып берем.

Бауырсақ

Бауырсақ Түлкіге өлең айта бастайды

Бауырсақ

-Мен атадан да қаштым, ападан да қаштым,қояннан да қаштым, қасқырдан да қаштым, аюдан да қаштым, бәрінен қашып өзім жоғалып кеттім. Енді атама және апама баратын жолды таба алмай тұрмын.

Түлкі:

Бауырсақ, ал сенің үйінде сен сияқты бауырсақ бар ма? Менің қарным ашты.

Бауырсақ:

Иә, бар. Апам көп бауырсақтар пісірді. Егер сен мені үйге апарып келсең, мен саған бауырсақ беремін.

Түлкі:

Келістік. Қанекей жүре ғой.

Баура:

Осылай түлкі бауырсақты үйіне апарды.Атасы мен апасы бауырсақтың келгеніне қатты қуанады. Олар түлкіге рахмет айтып, үйге шай ішуге шақырады.Олар осылай дос болады. Осымен ертегі аяқталды.

Ал енді балалар сергіп алайық

Сергіту сәті:

Қоян болып секірейік,

Аю болып қорбаңдайық.

Қасқыр болып ырылдайық,

Түлкі болып бұлаңдайық,

Қорытындылау:

Тәрбиеші:

-Балалар ертегі сендерге ұнады ма?

Ертегідегі жағымды және жағымсыз кейіпкерлерді айыру үшін мынадай тапсырмалар орындайық.

Неліктен бұл жерде аю, қасқыр, қоян жағымды кейіпкерлерге жатады?

-Өйткені олар бауырсақты жеген жоқ

-Өте жақсы

— Ал, түлкі ше?

-Түлкі қу, айлакер

Балалар бауырсақ неден жасалады? (Ұннан)

-Ұн неден алынады? (Бидайдан)

-Бауырсақтың түсі қандай?

-Сары

Бауырсақтың пішіні қандай?

- Домалақ, шеңбер
- Бауырсақ ертегісінің кейіпкерлерін атаңдар?
- Кемпір, шал, Бауырсақ, Қоян, Қасқыр, Аю, Түлкі

Күтілетін нәтиже:

Біледі: ертегіні тыңдай отырып, еске түсіреді, ертегіні рөлге бөлініп ойнайды.

Игереді: ертегі желісін түсінеді.

Менгереді: ертегіні сахналау арқылы байланыстыра сөйлеуге дағдыланады.

Вариативтік компонент : «Ертегілер елінде»

Күні : 30.11.24ж

Тақырыбы: «Үш аюға қонаққа барайық» ертегісі

Мақсаты: Ертегіні қайталай отырып, таңдалған балаларға кейіпкерлер сөздерін айтып үйрету. Ертегінің мазмұнын сақиналау арқылы түсіндіру, ертегіге деген қызығушылығын арттыру, ертегіні тыңдай отырып сөздік қорын молайту. Ертегіні сақиналауға бейімдеу. Балаларды адамгершілікке, адалдыққа, бірін – бірі сыйлауға үйрету. Өзіне берілген рөлді дұрыс дауыс ырғағымен ойнауға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: үйшік, орман, талдар, орындық, киіпкерлер, төсек орны, ботқа ыдыстары, себет, ұнтаспа.

Сәлеметсіздер ме құрметті қонақтар, балғын балалар!?

Барлығын бермен қараңдар!

Аюлар жайлы ертегі, сендерге сыр шертеді.

Ең қызық ертегіні сахнаға енгіздік.

Баяндайын көріңдер, өзбағасын беріндер.

Автор: Ерте, ерте, ертеде атай мен әжей болыпты, олардың Маша деген немересі бар екен. Бір күні Маша.

Маша: Әже орманнан жидек теріп қайтайыншы.

Әжесі: Жақсы бара ғой қызым, тек алысқа ұзама, тез қайтып кел.

Маша: Жарайды әже.

Автор: Маша орманда жидек теріп, өлең айтып жүргенде адасып кетеді.

Қайтар жолды таба алмай жылайды, қарны ашады, шөлдейді, шаршайды, ұйқысы келеді.

Маша: Ата, әже қайдасындар? Маған көмектесіңіздерші.

Автор: Маша жолды іздеп таба алмай, орманда тұрған бір үйшікке кезігеді. Атасы мен әжесі күте – күте шаршайды

Маша: Үйшікте кім тұрады?

Автор: деп айқайлайды, еш дыбыс естілмейді. Үйге кірсе ешкім жоқ. Бұл үйде аюлар мекендейтін. Әкесі, анасы, баласы. Маша дастарханда тұрған үш табақ боқаны көреді. Үлкен табақ әкесінікі, орташа табақ анасынікі, ал кішкене табақ қонжықтікі еді. Маша үлкен табақтағы, одан кейін орташа табақтағы ботқаны жеп еді дәмі ұнамады. Ал кішкене табақтағыны жеп көріп еді ұнап қалады.

Қыздың қарны аш еді. Енді ол отырып тамақтану үшін өзіне орындық таңдайды. Ең үлкені – әкесінікі, одан кішірегі -анасыныкі, ал үшіншісі – қонжықтікі. Кішкентай қыз ең үлкен орындыққа шығып, одан құлап түседі. Ортаншысына мініп еді, ыңғайсыз көрінеді. Көңілінен шыққан тек үшінші орындық болады. Қыз қонжықтың орындығына отырып, табақтағы тамақты ішіп алады.

Қарны тойған ол кішкентай орындықты ары – бері шайқап ойнайды. Ақырында оны құлатып, өзі жерге құлайды. Маша орнынан тұрып, келесі бөлмеге кіреді. Бұл жерде үш төсек бар екен. Ең үлкені –әкесінікі, ортаншысы – анасыныкі, ал үшіншісі – қонжықтікі. Маша ең үлкен төсекке шығады. Бұл оған тым үлкендік жасайды. Одан түсіп, ортаншысына жатады. Ол биік көрінеді. Ыңғайлы болғаны – үшінші төсек. Қатты шаршаған Маша осы қонжықтың орнына жатып, тәтті ұйқыға батады. Бір мезгілде аюлар үйлеріне оралады. Шаршап келген аюлар асын ішпек болады.

Әкесі: Біздің үйге біреу кірген сияқты, адамның исі шығады.

Автор: Осылайша аюлар байқап қалады. (Өз тамағын көрген аюдың әкесі)

Әкесі: Менің тамағыма кім тиіскен?

Анасы: Менің ботқамдыда татып көріпті.

Қонжық: Ой, менің ботқамды түгелдей жеп қойыпты.

Автор: деп шәңк – шәңк етеді. Аюлар ұйықтайтын бөлмелеріне кірсе.

Әкесі: Менің төсегіме кім жатпақ болды?

Анасы: Менің төсегімдіде умаждап тастапты.

Қонжық: Ой, менің төсегімде біреу жатыр ғой, міне жатыр ұстандар.

Автор: аюлардың даусынан шошып оянған Маша қорқып кетеді.

Маша: Мен атаммен әжемнен сұранып орманға жидек теруге шыққам адасып кеттім. Мені жемендерші мен сендерге тақпақ айтып беремін.

Аюлар: жарайды.

Маша:

Қорбандаған аюдың,

Құлпынайы көп екен.

Теріп, теріп алайық,

Қалтамызға салайық.

Аюлар: Маша, орманда жалғыз жүруге болмайды. Біз сені ата, әжеңе алып барайық.

Автор: Аюлар Машаны атасы мен әжесіне алып келеді.

Атасы, әжесі: Рахмет, сендерге аюлар, келіндер бәріміз дос болайық.

Автор: Сүйтіп, барлығы дос болып, тату – тәтті өмір сүріпті.

Ән: «Ертегілер»

Қортынды: Балалар сендерге ертегі ұнады ма?

Ертегі не жайында?

Ормандағы үйшік кімнің үйшігі екен?

(кейіпкерлерді хабарлап айту) тыңдағандарыңызға рахмет!

Күтілетін нәтиже:

Біледі: ертегіні тыңдай отырып, еске түсіреді, ертегіні рөлге бөлініп ойнайды.

Игереді: ертегі желісін түсінеді.

Менгереді: ертегіні сахналау арқылы байланыстыра сөйлеуге дағдыланады.

Вариативтік компонент : «Ертегілер елінде»

Күні : 07.12.24ж

Тақырыбы: «Қайырымды қоян»

Мақсаты: Балаларды қайырымдылыққа, елкезектікке, адалдыққа тәрбиелеу

Білімділік: «Қайырымды қоян» ертегісін оқып мазмұнын түсіндіре отырып, білімдерін кеңейту.

Дамытушылық: Сұрақтар қою, жұмбақ жасыру арқылы сөйлеу белсенділіктерін дамыту.

Тәрбиелік: Балаларды қайырымдылыққа, адалдыққа достыққа, мейірімділікке тәрбиелеу.

Әдіс – тәсіл: Әңгімелеу, түсіндіру, сұрақ – жауап.

Биллингвилдық компонент: Қайырымды қоян ертегісі – Сказка про доброго зайца.

Көрнекілік: Қоянның, баланың, ата-анасының және ормандағы аңдардың суреттері.

сөздік жұмыс: қайырымды.

Сәлемдесу.

Сәлеметсіңдерме, менің сүйікті балаларым ! Мен сендерді көргеніме өте қуаныштымен. Біз тағы да кең және жарық сыныбымызға келіп тұрмыз.

Психологиялық дайындық:

Біз қандаймыз, қандаймыз,

Шұғылалы тандаймыз.

Жарқыраған күндейміз,

Ренжісуді білмейміз.

– Жарайсыңдар, балалар!

– Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?

– Күз мезгілінде қанша ай бар?

– Ай атауларын атаңдар.

Ой қозғау: Жұмбақ жасыру.

Қабат-қабат қаптама,

Ақылың болмаса аттама?

Жарайсыңдар, балалар!

– Балалар, қандай ертегі білесіңдер?

– Сендерге ертігі айтып берген ұнай ма?

– Ендеше мен сендерге «Қайырымды қоян» ертегісін айтып берейін.

– Қайырымды қоян ертегісін оқып, мазмұнын түсіндіремін.

– Сұрақ – жауап;

- Әке-шешесі баласына қонаққа кімдерді шақыр деді?

- Бала қонаққа кімдерді шақырды?

- Әкесі баласына не үшін ұрысты?

- Бала жылап отырғанда көмекке не келді?

- Қоян қандай қайырымдылық жасады?

– Балалар, сендерге ертегі ұнады ма?

– Біз де қоянға ұқсап қайырымды бола аламыз ба?

– Ал, балалар, сендер шаршаған боларсыңдар, бойымызды сергітіп алайық.
Сергіту сәті:

Ұзын құлақ сұр қоян,
Естіп қалып сыбдырды.
Ойлы-қырлы жерлермен,
Ытқып-ытқып жүгірді.
Қарап еді артына,
Қиығын сап көзінің.
Келе жатқан тоңпаңдап,
Көжегі екен өзінің.

– Ал, балалар, біздің шаршағанымыз басылып, бойымыз сергіп қалды.

– Балалар, енді мына мақалды жаттап алайық.

Досы көпті жау алмайды,
Ақылы көпті дау алмайды.

Көңілді құрастыру:

– пішіндермен желімсіз қоянды құрастыру.

– Қоян балаға неге көмектесті?

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Қайырымды қоян ертегісіндегі баланың анасы мен анасының ренжіткенін, қоян балаға дос екенін.

Игереді: Қайырымды қоян ертегісінің мазмұнын

Меңгереді: Ойындарды дұрыс орындай алады.

Вариативтік компонент : «Ертегілер елінде»

Күні : 14.12.24ж

Тақырыбы: «Қайырымды қоян»

Мақсаты: Балаларды қайырымдылыққа, елжезектікке, адалдыққа тәрбиелеу

Білімділік: «Қайырымды қоян» ертегісін оқып мазмұнын түсіндіре отырып, білімдерін кеңейту.

Дамытушылық: Сұрақтар қою, жұмбақ жасыру арқылы сөйлеу белсенділіктерін дамыту.

Тәрбиелік: Балаларды қайырымдылыққа, адалдыққа достыққа, мейірімділікке тәрбиелеу.

Әдіс – тәсіл: Өңгімелеу, түсіндіру, сұрақ – жауап.

Биллингвильдік компонент: Қайырымды қоян ертегісі – Сказка про доброго зайца.

Көрнекілік: Қоянның, баланың, ата-анасының және ормандағы аңдардың суреттері.

сөздік жұмыс: қайырымды.

Сәлемдесу.

Сәлеметсіңдерме, менің сүйікті балаларым ! Мен сендерді көргеніме өте қуаныштымен. Біз тағы да кең және жарық сыныбымызға келіп тұрмыз.

Психологиялық дайындық:

Біз қандаймыз, қандаймыз,

Шұғылалы тандаймыз.

Жарқыраған күндейміз,

Ренжісуді білмейміз.

– Жарайсыңдар, балалар!

– Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?

– Күз мезгілінде қанша ай бар?

– Ай атауларын атаңдар.

Ой қозғау: Жұмбақ жасыру.

Қабат-қабат қаптама,

Ақылың болмаса аттама?

Жарайсыңдар, балалар!

– Балалар, қандай ертегі білесіңдер?

– Сендерге ертігі айтып берген ұнай ма?

– Ендеше мен сендерге «Қайырымды қоян» ертегісін айтып берейін.

– Қайырымды қоян ертегісін оқып, мазмұнын түсіндіремін.

– Сұрақ – жауап;

- Әке-шешесі баласына қонаққа кімдерді шақыр деді?

- Бала қонаққа кімдерді шақырды?

- Әкесі баласына не үшін ұрысты?

- Бала жылап отырғанда көмекке не келді?

- Қоян қандай қайырымдылық жасады?

– Балалар, сендерге ертегі ұнады ма?

– Біз де қоянға ұқсап қайырымды бола аламыз ба?

– Ал, балалар, сендер шаршаған боларсыңдар, бойымызды сергітіп алайық.
Сергіту сәті:

Ұзын құлақ сұр қоян,
Естіп қалып сыбдырды.
Ойлы-қырлы жерлермен,
Ытқып-ытқып жүгірді.
Қарап еді артына,
Қиығын сап көзінің.
Келе жатқан тоңпаңдап,
Көжегі екен өзінің.

– Ал, балалар, біздің шаршағанымыз басылып, бойымыз сергіп қалды.

– Балалар, енді мына мақалды жаттап алайық.

Досы көпті жау алмайды,
Ақылы көпті дау алмайды.

Көңілді құрастыру:

– пішіндермен желімсіз қоянды құрастыру.

– Қоян балаға неге көмектесті?

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Қайырымды қоян ертегісіндегі баланың анасы мен анасының ренжіткенін, қоян балаға дос екенін.

Игереді: Қайырымды қоян ертегісінің мазмұнын

Меңгереді: Ойындарды дұрыс орындай алады.

Вариативтік компонент : «Ертегілер елінде»

Күні : 21.12.25ж

Тақырыбы: «Алтын айдарлы этеш» ертегі»

Мақсаты: Ертегі мазмұнымен таныстыру. Сахналау барысында балалардың сөздік қорларын молайту

Билингвальды компонент. Құс-птица, үй құсы-домашняя птица, этеш-петушок.

Балалар плакатта бейнеленген құстарды атап шығады және олардың үй құстары екенін анықтайды. Тәрбиеші балаларға сипаттама бойынша олардың қандай құсты бейнелеуді үйрететінін табуды ұсынады.

-Бұл өте әдемі құс. Ол қашан да басын тік көтеріп жүреді. Мойындағы, қанаттарындағы және құйрығындағы қауырсындары толығымен күн сәулесімен шағылысып құбылып тұрады. Басында ашық алқызыл айдары бар. Аяғында тепкі тырнағы бар. Ол қашан да өз отбасын қорғауға дайын. Бұл құс бәрінен ерте оянады және басқаларды да алғашқы күн шапағымен оятады. Сонымен бірге ол көптеген ертегілердің кейіпкері. Бұл қай құс?

-Этештің басы, денесі, қанаттары, аяқтары мен құйрығы бар.

-Денесі сопақ пішінді. Басы дөңгелек пішінді келеді. Қанаты түбінен жұмырланған үшбұрышты еске салады. Мойын-түрлі түсті иректі үшбұрыштарды, құйрығын-сурет салынып, қағаздан қиып алынған түрлі түсті қауырсындарды желімдеу арқылы орындауға болады.

Шамасы, этеш дуалға отырып, балаларды балабақшаға оятатын болар немесе өз отбасын құрпне қоректенуге шақыратын болар, тіпті ол құстар ауласының қақ ортасында мақтанышпен тұруы да мүмкін.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: композиция жасау жолдарын.

Игереді: үй құстарын.

Меңгереді: Құс денесінің геометриялық бөліктерін.

Вариативтік компонент : «Ертегілер елінде»

Күні : 28.12.24ж

Тақырыбы: «Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегі»

Мақсаты: Балаларға жыл басының қалай пайда болуы жайлы түсініктерін молайту

Қажетті құралдар: Кейіпкерлер киімі, қол еңбегіне арналған қажетті құралдар.түрлі түсті суреттер.

Техникалық құралдар:үнтаспа, интерактивтік тақта, магнитофон

Әдіс тәсіл: Сұрақ –жауап, тыңдау, мәнерлеп айту.

Сөздік жұмыс: бұлақ, жабағы.

Тәрбиеші балаларды дөңгелене тұрғызады. «Сәлем сөздің анасы,
Сәлем берер әр қазақтың баласы»-демекші қонақтармен амандасып алайық.

«Жақсы сөз жарым ырыс»-дейді дана халқымыз, ендеше бір –бірімізге жақсы тілектер айтайық.

Тәрбиеші балаларға ертегі еліне саяхат жасайтындарын айтады. Дидактикалық ойын:
«Ойлан тап»

Шарты:тәрбиеші балалар білетін шығармаларынан үзінді оқиды, балалар қай шығарма екенін тауып айтады.

-Біраз жүрген соң әкесінің қолынан бір шиіе жерге түседі.

-Бір күні тышқан нан дүкеніне кірді. Сөреде жаңа піскен сап сары бөлкелер үйіліп тұр екен.

-Қарға-қарға! Досым қарғажан, маған көмек бере гөр. Балапандарымды жылан жегелі жатыр-деп зарлады.

-Шырылдауық шегіртке,

Көгалды, қуып гөлайттап.

Дұрыс ертегіні біледі екенсіңдер. Енді мына ертегіні тауып көріңдер.

Біздің өнер паздар келіп отыр екен енді солардың ертегісін көрейік мұқият тыңдап қараңдер.

-Бұл қандай ертегі?

-Ертегіде жыл басы не болды?

-неліктен тышқан, жыл басы болды?

-Ал, неліктен басқа хайуанаттар жыл басы бола алмады?

Иә балалар шешімді дұрыс қабылдау керек екен.

Сөздік жұмыс:

Жаңа түйе жылқыға: сені бұлақ суымен суару керек, жабағымда пайдалы –деді.

Бұлақ-мөлдір, жер астынан шығатын таза су.

Жабағы- көктемде қырқып алынатын түйе мен қойдың жүні.

Сергіту сәті:

Саусақтарым бір-бірімен амандасайқ,

Саусақтардан гүл ашайық,

Саусақтарды ашып-жұмып,

Дыбыстарды дұрыс айтайық.

Логикалық ойын.

«Жануарлар не береді» шарты: Интерактивтік тақтадағы жануарларға келесі бетіндегі жануарлар адамға не беретіндігіне байланысты заттарды қосу.

«Не қалай дыбыстайды?» ойыны

Шарты: бір жануар айтылады оның жауабының үш нұсқасы болады, тез дұрыс жауабын табу керек.

Жылқы: үреді, кісінейді, мөңірейді.

Сиыр: мөңірейді, үреді, маңырайды.

Ит: кісінейді, маңырайды, үреді.

Қой: маңырайды, мөңірейді, бақылдайды.

Жақсы балалар. «Мақал сөздің мәйегі»-демекші енді мақалды аяқта ойынын ойнайық.

1. Жылқы малдың патшасы....

2. Сиырдың сүті.....

3. Төлден мал өседі,...

4. Ат-адамның қанаты,..

Өздерің түсініп айтқандай әр жануардың өзіндік ерекшелігі, адамға өзіндік пайдасы бар екен. Енді балалар «жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісінде, ақылмен айламен, жыл басы болған тышқанның бейнесін сурет салу, жапсыру, мүсіндеу арқылы бейнелеп көрейік. Ол үшін үш топқа бөлініп орталықтарда не істеу -Тәрбиеші балалардың бүгінгі оқу іс-әрекетінде өте жақсы қатысқандарын айтып мақтайды. Бүгінгі ертегілеріміз ұнадыма? Кімге не істегеніміз ұнады? Тәрбиеші балалардың жұмыстарынан көрме ұйымдастырады. «Жыл басына таласқан хайуанаттар»-деген ертегіні үйге барғанда ата-әжелеріңе, достарың әңгімелеп беріңдер. Тәрбиеші оқу іс-әрекетін мына өлеңді балалар мен аяқтайды.

«Жыл санау» (халық әні еркемайға салып

Күтілетін нәтиже:

Біледі: ертегіні тыңдай отырып, еске түсіреді, ертегіні рөлге бөлініп ойнайды.

Игереді: ертегі желісін түсінеді.

Меңгереді: ертегіні сахналау арқылы байланыстыра сөйлеуге дағдыланады.

Вариативтік компонент : «Ертегілер елінде»

Күні :04.01.25ж

Тақырыбы: «Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегі»

Мақсаты: Балаларға жыл басының қалай пайда болуы жайлы түсініктерін молайту

Қажетті құралдар: Кейіпкерлер киімі, қол еңбегіне арналған қажетті құралдар.түрлі түсті суреттер.

Техникалық құралдар:үнтаспа, интерактивтік тақта, магнитофон

Әдіс тәсіл: Сұрақ –жауап, тыңдау, мәнерлеп айту.

Сөздік жұмыс: бұлақ, жабағы.

Тәрбиеші балаларды дөңгелене тұрғызады. «Сәлем сөздің анасы,

Сәлем берер әр қазақтың баласы»-демекші қонақтармен амандасып алайық.

«Жақсы сөз жарым ырыс»-дейді дана халқымыз, ендеше бір –бірімізге жақсы тілектер айтайық.

Тәрбиеші балаларға ертегі еліне саяхат жасайтындарын айтады. Дидактикалық ойын: «Ойлан тап»

Шарты:тәрбиеші балалар білетін шығармаларынан үзінді оқиды, балалар қай шығарма екенін тауып айтады.

-Біраз жүрген соң әкесінің қолынан бір шиіе жерге түседі.

-Бір күні тышқан нан дүкеніне кірді. Сөреде жаңа піскен сап сары бөлкелер үйіліп тұр екен.

-Қарға-қарға! Досым қарғажан, маған көмек бере гөр. Балапандарымды жылан жегелі жатыр-деп зарлады.

-Шырылдауық шегіртке,

Көгалды, қуып гөлайттап.

Дұрыс ертегіні біледі екенсіңдер. Енді мына ертегіні тауып көріңдер.

Біздің өнер паздар келіп отыр екен енді солардың ертегісін көрейік мұқият тыңдап қараңдер.

-Бұл қандай ертегі?

-Ертегіде жыл басы не болды?

-неліктен тышқан, жыл басы болды?

-Ал, неліктен басқа хайуанаттар жыл басы бола алмады?

Иә балалар шешімді дұрыс қабылдау керек екен.

Сөздік жұмыс:

Жаңа түйе жылқыға: сені бұлақ суымен суару керек, жабағымда пайдалы –деді.

Бұлақ-мөлдір, жер астынан шығатын таза су.

Жабағы- көктемде қырқып алынатын түйе мен қойдың жүні.

Сергіту сәті:

Саусақтарым бір-бірімен амандасайқ,

Саусақтардан гүл ашайық,

Саусақтарды ашып-жұмып,

Дыбыстарды дұрыс айтайық.

Логикалық ойын.

«Жануарлар не береді» шарты: Интерактивтік тақтадағы жануарларға келесі бетіндегі жануарлар адамға не беретіндігіне байланысты заттарды қосу.

«Не қалай дыбыстайды?» ойыны

Шарты: бір жануар айтылады оның жауабының үш нұсқасы болады, тез дұрыс жауабын табу керек.

Жылқы: үреді, кісінейді, мөңірейді.

Сиыр: мөңірейді, үреді, маңырайды.

Ит: кісінейді, маңырайды, үреді.

Қой: маңырайды, мөңірейді, бақылдайды.

Жақсы балалар. «Мақал сөздің мәйегі»-демекші енді мақалды аяқта ойынын ойнайық.

1. Жылқы малдың патшасы....

2. Сиырдың сүті.....

3. Төлден мал өседі,...

4. Ат-адамның қанаты,..

Өздерің түсініп айтқандай әр жануардың өзіндік ерекшелігі, адамға өзіндік пайдасы бар екен. Енді балалар «жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісінде, ақылмен айламен, жыл басы болған тышқанның бейнесін сурет салу, жапсыру, мүсіндеу арқылы бейнелеп көрейік. Ол үшін үш топқа бөлініп орталықтарда не істеу -Тәрбиеші балалардың бүгінгі оқу іс-әрекетінде өте жақсы қатысқандарын айтып мақтайды. Бүгінгі ертегілеріміз ұнадыма? Кімге не істегеніміз ұнады? Тәрбиеші балалардың жұмыстарынан көрме ұйымдастырады. «Жыл басына таласқан хайуанаттар»-деген ертегіні үйге барғанда ата-әжелеріңе, достарың әңгімелеп беріңдер. Тәрбиеші оқу іс-әрекетін мына өлеңді балалар мен аяқтайды. «Жыл санау» (халық әні еркемайға салып

Күтілетін нәтиже:

Біледі: ертегіні тыңдай отырып, еске түсіреді, ертегіні рөлге бөлініп ойнайды.

Игереді: ертегі желісін түсінеді.

Менгереді: ертегіні сахналау арқылы байланыстыра сөйлеуге дағдыланады.

Вариативтік компонент : «Ертегілер елінде»

Күні :11.01.25ж

Тақырыбы: «Қанбақ шал ертегісі»

Мақсаты:

Білімділік: «Қаңбақ шал» ертегісімен таныстыру.

Дамытушылық: есте сақтау қабілеттерін дамыту. Балалардың көркем әдебиетке деген қызығушылығын арттыра отырып сөздік қорын байыту.

Тәрбиелік: халық ауыз әдебиетіне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Құрал-жабдық: конверт, хат, «Қаңбақ шал» ертегісі, дәудің, Қаңбақ шалдың суреттері, түлкінің бет –пердесі.

Сөздік жұмыс қаңбақ шал, дәу, пәрмен.

Қостілділік компонент: дәу- великан, лашық-лачуга, пәрмен- сила.

Тәрбиеші: «Бұл хат кімнен келді екен?»- деп хатты ашып оқиды.

«Сәлеметсіңдерме балалар! Мен ертегі періштесімін. Сендердің ертегіні жақсы көретіндеріңді білемін. Сондықтан да сендерге «Қаңбақ шал» ертегісін сыйға тартамын. Ертегі сендерге ұнайды деп ойлаймын. Сәлемнен ертегі періштесі.

Тәрбиеші хаттан ертегіні алып балаларға оқиды.

Тәрбиеші ертегі бойынша сұрақтар қояды.

-Ертегі кім туралы?

-Оны неліктен Қаңбақ шал –деп атады?

-Қаңбақ шал дәуді қалай алдады?

-Жарайсыңдар балалар! Ертегіні жақсы түсініпсіңдер. Енді мен сендерге «Түлкі мен балапандар» ойынын ойнауды ұсынамын.

Тәрбиеші санамақтың көмегімен түлкі болатын баланы сайлап алып, қалған балаларға балапан болатындарын айтады.

-Жарайсыңдар балалар, бәрің епті екенсіңдер.

-Сендер ертегілерді білесіңдер ме?

— Мен сендерге «Ертегілер аялдамасы» ойынын ойнауды ұсынамын.

Тәрбиеші балаларға шеңбер бойы айналып жүруді ұсынып, сөздер айтады. Егерде сөздер арасында ертегілер атаулары аталса балаларға сол аялдамаға тоқтауды ұсынады.

-Балалар сендерге кімнен хат келді?

— Ертегі періштесі бізге қандай ертегі сыйлады?

— Қаңбақ шал қандай адам?

Күтілетін нәтиже:

Біледі: ертегі мазмұнын.

Игереді: ертегі кейіпкерлерінің жағымды жағымсызын ажыратып айтуды .

Меңгереді:ертегі бойынша сұрақтарға толық жауап береді.

Вариативтік компонент : «Ертегілер елінде»

Күні :18.01.25ж

Тақырыбы: «Мақтаншақ қоян» ертегісі

Мақсаты: Ертегі мазмұнын зейін қойып тыңдауға үйрету. Балалардың сөздік қорын молайту.Көркем әдеби тілде сөйлеуге тәрбиелеу.Көркем шығарманың тәрбиелік маңызын түсіндіру

Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту.

Міндеті: Балалардың бойында ертегілер туралы түсініктерін кеңейту. Ертегі кейіпкерлерінің сөзін, дауысын интонациясын келтіріп айтуға дағдыландыру.

Мықтылыққа, шыншылдыққа тәрбиелеу.

Әдіс - тәсілдер: ой толғаныс, салыстыру, көрсету, түсіндіру, сергіту сәті, ойын.

Көрнекіліктер: қояндардың, иттердің, қарғаның бет перделері, іздердің суреттері

Сөздік жұмыс: қорқақ, сұр, қоңыр, ақ.

Билингвальды компонент: қоян - заяц, үй қояны - кролик, қарға – ворона

Барысы:

Шаттық шеңбері:

Күлімдеп күн бүгін

Қарады маған да

Күлімдеп күн бүгін

Қарады саған да

Шуағын төгіп нұр

Сәлем күн Ана!

Жұмбақ жасыру:

Қалқиып ұзын құлағы

Елендеп қорқып тұрады (қоян)

Балалар: Қоян - деп жауап береді. Қоянның баласын қалай атайды?

Билингвальды компонент: қоян - заяц, көжек - зайчонок

- Қоян - сөзін жаңғырық әдісімен қайталатамын.

Тәрбиеші: Қоянның құлағы қандай? Құйрығы қандай? Жазда терісі қандай түске өзгереді? Қыста ше? Қоян не жейді? Қоянның терісінен не жасайды?

Балалар: Құлағы ұзын. Құйрығы қысқа. Жазда терісі сұр, қоңыр болады. Қыста ақ болады. Қоян сәбіз жейді, ағаш бұтақтарын кеміреді. Қоянның терісінен малақай жасайды.

Сөздік жұмыс: қорқақ, сұр, қоңыр, ақ.

Тәрбиеші: Бүгін біз «Мақтаншақ қоян» ертегісімен танысамыз. (Мультфильм желісімен көрсете отырып, мазмұнын айтып беру.)

- Ертегі сендерге ұнады ма?

Тіл ұстарту жаттығуы:

Ян - ян - ян - қорқақ қоян

Ек - ек - ек - кішкене көжек

Лақ - лақ - лақ - ұзын құлақ

Сергіту сәті:

Ұзын құлақ сұр қоян,

Естіп қалып сыбдырды,

Ойлы - қырлы жерлермен,

Ытқып - ытқып жүгірді

Қарап еді артына

Қиығын сап көзінің

Келе жатқан томпаңдап

Көжегі екен өзінің

- Қоян қалай мақтанды?

- Қоян қайда өмір сүреді?

- Қазір бізде қай мезгіл?

- Табиғатта қандай өзгерістер болады?

Балалар: Қыс мезгілі. Қар жауады, күн суытады.

Тәрбиеші: Қыста қарда неше түрлі іздер жатады.

Ойын: «Қай аңдардың ізі?»

Шарты: іздер арқылы секіре отырып, қай аңның ізі екенін және жасырынған аңды табады.

Ойын: «Айырмашылығын тап»

Шарты: Үй және жабайы қоянның айырмашылықтарын табады.

Тәрбиеші: Кәне, енді «Мақтаншақ қоян» ертегісін рөлдерге бөліп ойнайық. Міне, балалар қоян мақтаншақ емес, ол мықты екенін көрсете білді.

Тәрбиеші: Қоян мықтылығын қалай көрсетті?

Балалар: Иттерді алдап, қарғаны құтқарды.

Тәрбиеші: Осымен оқу іс - әрекетіміз аяқталды.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: ертегі мазмұнын.

Игереді: ертегі кейіпкерлерінің жағымды жағымсызын ажыратып айтуды .

Меңгереді: ертегі бойынша сұрақтарға толық жауап береді.

Вариативтік компонент : «Ертегілер елінде»
Күні :25.01.25ж

Тақырыбы: «Мақтаншақ қоян» ертегісі

Мақсаты: Ертегі мазмұнын зейін қойып тыңдауға үйрету. Балалардың сөздік қорын молайту. Көркем әдеби тілде сөйлеуге тәрбиелеу. Көркем шығарманың тәрбиелік маңызын түсіндіру.

Білімділік: Ертегінің мазмұнын түсініп, кейіпкерлерге мінездеме бере білуге үйрету

Дамытушылық : Кейіпкерлердің ерекшеліктерін беру үшін, мәнерлілік құралдарын қолдана білу дағдыларын қалыптастыру.

Тәрбиелік: кейіпкерлердің іс - әрекетін орындай білуге үйрету, шығармашылыққа, батылдыққа тәрбиелеу.

Алдын ала жұмыс: «Мақтаншақ қоян» ертегісін оқып беру. Қолданылатын көрнекі

құралдар: Ерден атай, Айару (ойыншықтар), қолғап театры, қоян, қасқыр ойыншықтары.

Сөздік жұмыс: қылдырықтай.

Билингвальді компонент: қоян – заяц, қасқыр – волк.

Шаттық шеңбері.

Шеңбер болып тұрайық жылы жүзбен,

Бізге келсін қуаныш, нұр іздеген.

Шуақ толған жанымыз, жүрегіміз,

Үлгі алсын көрген жан мына бізден.

Балалар шеңберге тұрып, жылы жүзбен бір - біріне қарап, өлең жолдарын айтады.

Ұйымдастырушылық - ізденістік

1 - тапсырма. Таныс бол. Саусақ театрында қуыршақ саусаққа киіледі, қолғап театрында қуыршақ қолға киіледі.

Жұмбақ Сылдырдан қорқады, Шошынып жортады. (Қоян)

- Қоян туралы қандай ертегі білесіңдер?

Киілемелі қуыршақ театр үлгілерімен танысады.

Жұмбақтың шешуін табады.

- Ерден атай сендерге «Мақтаншақ қоян» ертегісін алып келді. - Ертегі сендерге ұнады ма? - - Қоян қандай аң? - Қасқыр қандай аң?

Әліппе - дәптермен жұмыс. 2 - тапсырма. Тіл ұстарту жаттығуы: Ян - ян - ян,

Мақтаншақ қоян. Ыр - ыр - ыр, Көкжал қасқыр. Билингвальді компонент: Қоян – заяц
Қасқыр – волк

Сергіту сәті:

Ұзын құлақ сұр қоян

Естіп қалып сыбдырды,

Ойлы, қырлы жерлермен

Ытқып - ытқып жүгірді.

Қарап еді артына

Қиығын сап көзінің.

Келе жатқан томпаңдап

Көжегі екен өзінің.

3 - тапсырма. Суреттегі кейіпкерлердің көңіл күйін қайталап көрсет.

4 - тапсырма. Қоян не деп мақтанды? Қайталап айтып бер. Қоян сияқты мақтануға бола ма?

Педагог «Мақтаншақ қоян» ертегісін қолғап театры арқылы көрсетуді ұсынады.

Педагог қуыршақты қолға қалай дұрыс

Ертегіні еске алады, сұрақтарға жауап береді: Қоян қорқақ, жүйрік т. б. Қасқыр өжет, жыртқыш аң.

Балалар тіл ұстарту жаттығуын қайталап айтады.

Сөздерді қайталайды.

Өлең жолдарына сай қимыл - қозғалыстар жасайды.

Қоянның, қасқырдың көңіл күйін қайталап көрсетеді.

Балалар қойылымнан үзінді көрсетеді.

киюді көрсетеді. Қорапшадан ертегі кейіпкерлері бейнеленген карточкалар және бос карточкалар таңдауға беріледі. Бос карточка алған балалар көрермен болады.

Балалар қолғап театры арқылы ертегіні сахналайды.

Педагог қорытынды жасайды, балаларды марапаттайды.

Күтілетін нәтижелер:

Біледі : сюжеттер бойынша ертегі қойылымдарынан үзінді көрсетеді, кейіпкерлердің теріс қылықтарын білді .

Игерді : кейіпкерлерді адамгершілік ережелері мен түсініктері тұрғысынан бағалай алады.

Меңгерді: өз ойын айта алады, өзгелердің пікірін тыңдауды меңгерді

Вариативтік компонент : «Ертегілер елінде»
Күні :01.02.25ж

Тақырыбы: «Түлкі мен ешкі» ертегісі

Мақсаты: ертегіні оқып беру, әңгімелетуге үйрету.

Міндеттері:

- ертегіні әңгімелету арқылы байланыстырып сөйлеуге үйрету.
- балалардың білетін ертегілерін еске түсіру арқылы тіл байлықтарын, есте сақтау қабілеттерін дамыту.
- адалдыққа, өтірік айтпауға, бір-біріне көмектесуге тәрбиелеу.

Алдын ала жұмыс: қуыршақ театрына арналған қуыршақтарды дайындау.

Сөздік жұмыс: түлкішек, апан, құдық, бәле, душар.

Қажетті құрал-жабдықтар: ертегіге байланысты суреттер, жұмыс дәптері, қуыршақ театрына арналған ойыншықтар: түлкі мен ешкі.

Жылулық шеңбері

Кіріспе

Тәрбиеші жұмбақ жасырады:

Өзі бір қу,

Жүрген жері айғай-шу.

Тақтаға түлкі мен түлкішектер бейнеленген сурет іледі.

-Мына суретке қараңдаршы, мұнда не бейнеленген?

-Түлкінің баласын қалай атайды?

-Түлкішек туралы не айтуға болады, ол қандай? Үлкен бе, әлде кішкентай ма?

-Ал түлкі қандай?

-Біз түлкі туралы көп ертегі оқығанбыз. Естеріңе түсіріңдерші, қандай ертегілерді білесіңдер?

-Өте жақсы. Олай болса мен сендерге бүгін түлкі туралы тағы бір ертегіні оқып беремін

Жаңа тақырып

Тәрбиеші мәнерлеп «Түлкі мен ешкі» ертегісін оқып береді.

Мазмұны бойынша сұрақтар қою:

-Бұл ертегіде не туралы айтылған?

-Ертегіде түлкі қандай болып көрінеді?

-Ал, ешкі қандай?

-Құдық қандай екен?

Сөздік жұмыс

«Апан, құдық» сөздерінің мағынасын түсіндіру.

Сергіту сәті

Дәптермен жұмыс

-Ертегіні тағы да бір рет айтып берейін, сендер дәптердегі суретке қарап отырып тыңдаңдар, сосын өздерің айтып бересіңдер.

Ертегі мәтінін екінші рет оқып беру.

Қуыршақ театры

Қуыршақ театрына арналған ойыншық жануарларды қолдарына кигізіп, рөлдерді бөліп береді. Автордың сөзін тәрбиеші айтып тұрады.

Жұмбақтарды шешіп, шешуін дыбыстық талдау бойынша оқы.

«Ешкі» сөзіне дыбыстық талдау жасату

Бір балаға тақтада, қалған балаларға орындарында отырып алдарындағы қызыл, көк түсті дөңгелектерді пайдаланып «ешкі» сөзіне дыбыстық талдау жасатады. Сөздегі дыбыстардың орнын әр дыбысқа екпін түсіріп айту арқылы анықтатады. Сөзді қатыстырып сөйлем құратады, сөйлемнің сызбасын жасатады.

Тақтаға түлкінің жеке суретін іледі.

-«Түлкі» сөзін буынға бөл.

-Қанша буын бар? Бірінші буынды ата. Екінші буынды ата.

-«Түлкі» сөзінде л дыбысы сөздің қай жерінде келіп тұр? «Түлкі» сөзін қатыстырып сөйлем құра.

-Сөйлемде неше сөз бар?

-«Өтірікке алданба, басың бәлеге душар болар» деген мақалды қалай түсінесіңдер?

Егер балаларға жауап беру қиындық туғызса, тәрбиеші өзі түсіндіріп, сабақты қорытады.

Күтілетін нәтиже:

Білді : «Түлкі мен ешкі» ертегісінің мазмұнын, «апан, құдық» секілді жаңа сөздердің мағынасын.

Игерді : ертегінің мағынасын, оның мазмұны мен атауы арасындағы өзара байланысты.

Меңгерді: ертегінің мазмұны бойынша қойылатын сұрақтарға жауап беруді, ертегі кейіпкерлерінің ролінде ойнай білуді.

Вариативтік компонент : «Ертегілер елінде»

Күні : 08.02.25ж

Тақырыбы: Күн, ай және әтеш

Мақсаты: Ертегіні тындай білуге, өз түсінгенін ойын жеткізе білуге үйрету, есте сақтау қаблеттерін дамыту. Балаларды достыққа, татулыққа тәрбиелеу, баулу, жаман қасиеттерден аулақ болуға тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекіліктер: Ертегі мазмұнын бейнелейтін суреттері.

Тәрбиеші балаларды щаттық шеңберге шақырады.

Балалар, сендермен кездескеніме өте қуаныштымын. Бір-бірімізге қарайықшы. Мен сендердің сөздеріңнен қуаныш пен қызығушылық көріп тұрмын. Бүгінгі күндерің сәтті өтсін!

Балалар бір бірімізге тек жақсылық тілейік

Балалар, сендерге ертегілер елінен сандықша жіберіпті. Ашып көрейік пе? Ішінде не бар екен?

- Ертегілер елінен «Күн, ай және әтеш» деген ертегіні жолдапты.
- Ал, ендеше мен ертегіні оқып берейін. Сендер мұқият тындаңдар

Ертеде аспанда ағайынды үш бала өмір сүріпті. Үлкені-Күн, ортаншысы-Ай, кішісі-Әтеш екен. Күн жерде тіршілік ететін адамдарға, өсімдіктер мен жануарларға жарық пен жылу таратуға кеткенде, үйдегі кіші інілері Ай мен Әтеш үнемі келіспей қала береді екен. Бір күні әбден ыза болған Ай Әтешті айдарынан ұстап алып жерге лақтырып жіберіпті. Кешке үйге келген Күн болған жағдайды естіп біледі. Ашуға булығып Айға:

-Туған ініңді көзің қиып, қалай лақтырдың? Сендей рақымсызды көргім келмейді.

Бұдан былай аспанға мен күндіз, сен түнде шығатын боламыз. Ал Әтеш жақын інім болып қала береді. Ол мені ұмытпайды,-дейді.

Сол уақыттан бастап Әтеш таң атысымен, Күнді көргенде «Кукареку!» деп айғай салатын болыпты. Бұл «Амансыз ба Күн-аға!» дегені екен. Ал кеш түссе, қонақтауға кетеді. Өйткені, аспанға шыққан Айды көргісі келмейтін көрінеді. **Сергіту сәті:**

Орнымыздан тұраық,

Алақанды ұрайық.

Бір отырып бір тұрып

Сәл демалып алайық

Д/о: Кейіпкерлерді тап:

мақсаты: ойлау әрекетін, еске сақтау қабілетін дамыту.

Тәрбиеші балаларға ертегі желісі бойынша сұрақтар қояды

- Сонымен балалар біз қандай ертегімен таныстық?
- Ертегі қызықты болдыма?
- Ертегі не жайында болды? Сендер қалай түсіндіңдер.

Белсенді қатысқан балалар мадақталады

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Ертегіні біледі

Түсінеді: Кейіпкерлер жөнінде түсініктері бар

Меңгерді: Ертегі желісі бойынша баяндай алады.

Вариативтік компонент : «Ертегілер елінде»

Күні : 15.02.25ж

Тақырыбы: «Мақта қыз бен мысық»

мақсаты: Ертегіні ойнау барысында, кейіпкерлердің жүріс-тұрысын , дауыс ырғағын, дұрыс жеткізе білуге тәрбиелеу.

Ертегілер туралы білімдерін күшейту.

Сөйлеу мәдениетін, еркін сөйлеп, өз ойларын дұрыс жеткізу.

Баланың сөздік қорын дамыту, сөз өнеріне деген құрмет.

Балаларды еңбекке, татулыққа тәрбиелеу.

Әдіс – тәсілдер: сұраққа жауап беру, «Мақта қыз бен мысық» ертегісіндегі кейіпкерлердің рөлін сомдау.

Қажетті нәрселер: Ортада үстел үстінде ыдыстар, қатық, сыпырғыш, инеағаш, маскалар, ағаш, тауық маскасы, тышқан киімі, шелек, мысық киімі, дүкен, сиыр киімі, мейіз, тары,қайшы.

Ұйымдастыру кезеңі: Ал балалар, бүгінгі күн ерекше күн, себебі, біздің тобымызға көптеген апайлар қонаққа келді. Қане, сол қонақтармен сәлемдесейікші:

Қуан, шаттан, алақай,

Қуанатын күн келді.

Күліп шықты күн бүгін.

Қайырлы таң, қайырлы күн!

- Балалар, енді бүгінгі ертегіміз ерекше болғалы тұр, кәне маған қарандар.

Ертегі дегеніміз не екенін білесіңдер ме?(жауап)

Қандай ертегілерді білесіңдер?(жауап)

Өте жақсы, бүгін ертегіні оқып, түсініп, біліп қана қоймай ертегі кейіпкерлерінің

рөлінде өзіміз ойнап көрсетеміз. Бұл ертегі Ыбырай Алтынсариннің «Мақта қыз бен мысық» ертегісі.

Залда «Ерте, ерте, ертеде» өлеңі орындалады.

Ішке ертекші әжей келеді. Балалармен амандасып алып, әжей ертегіні айта бастайды.

Ерте, ерте, ертеде,

Ешкі құйрығы келтеде,

Мақта қыз бен мысық өмір сүріпті.

Мақта қыз үстел үстін реттейді. Ыдыстарды жиыстырған кезде мейіз тауып алады.

Мақта қыз (Мысығын шақырады)

- Мияуым менің, қайдасың?

- Тарғылым менің, келе ғой, мен саған мейіз беремін (мысық келмейді)

- Келмесең, келмей –ақ қой, өз обалың өзіңе,- деп (мейізді қыз жеп қояды)

Осы кезде үй артынан «мяу» деген дыбыс шығады.

Мақта қыз ыңылдап ән салады, мысық шығады.

Мақта қыз – Феруза

Мысығым-ау, мысығым,

Тарғылы жақсы түсінің.

Таңертең де, кеште де,

Бетін жуған пысығым.

Піш - піш десем, келе ғой,

Айтқаным көне ғой.

Шақырғанда піш-піш деп,

«Мяу! -деп дыбыс бере ғой.

Әжей: Сол кезде мысық шығып Мақта қызға өлең айтып береді.

Мысық-Санат:

Менің атым мысық,

Екі көзім қысық.

Тышқан аулап отырамын

Сүт-көжемді ішіп –дейді

Мысық: Мақта қыз, сен мені неге шақырдың?

Мақта қыз: Айтпаймын!

Мысық: Ендеше, мен сенің қатығыңды төгемін.

Мақта қыз: Ой,ой. Сен не істедің? Сол үшін мен сенің құйрығыңды кесіп аламын!

(құйрығын кесіп алады)

Мысық: Берші, құйрығымды!

Мақта қыз: Бермеймін! Қатығымды қайтарып бер!

Әжей: Сөйтіп, мысық сиырға келеді.

Сиыр - Берекет:

Менің атым сиыр,

Өрісім алыс қиыр.

Етім үшін, сүтім үшін,

Адамдар маған үйір - дейді.

Мысық: Мяу, сиыр, сиыр, сен маған қатық берші!

Сиыр: Сен маған жапырақ әкел, менің қарным ашып тұр.

Әжей: Сөйтіп, мысық ағашқа барады.

Ағаш - Ғамзат:

Мен жасыл ағашпын,
Күтсеңдер гүл ашам,
Жолыңа нұр шашам,
Жапырағым азық,
Бұтағым қазық.
Саяма сағаларсың,
Салқындап дем аларсың.

Мысық: Ағаш, ағаш, маған жапырақ берші!

Ағаш: Маған су әкеліп бер мен шөлдедім, мен саған жапырақ беремін.

Әжей: Сөйтіп, мысық су іздеп келе жатса, алдынан су тасып жүрген қыздар шығады.

Қыздар:

Су - тіршілік негізі,
Онсыз өмір сүрмейсің.

Тазалықтың негізі,
Су деп және білгейсің –деп әндетіп жүреді.

Мысық: Мяу, қыздар маған су беріңдерші.

Қыздар: Сен бізге дүкеннен сағыз әкеліп бер.

Әжей: Сөйтіп, мысық дүкеншіге келеді.

Мысық: Мяу, дүкенші, дүкенші маған сағыз берші.

Дүкенші - Аяулым: Маған жұмыртқа әкеліп бер, мен саған сағыз берем.

Әжей: Мысық әбден шаршады жұмыртқа іздеп тауыққа барады.

Тауық - Алмат:

Мен ақ тауықпын,
Өзім қақсауықпын.
Күніне бір жұмыртқа табам,
Осыған жетеді шамам - деп әндетеді.

Мысық: Мяу, тауық, тауық маған жұмыртқа берші.

Тауық: Сен менің балапандарыма дән әкеліп бер, біз ашпыз.

Әжей: Мысық ойға батып, басын ұстап не істерін білмей отырып қалады.

Осы кезде бір тышқан жүгіріп шығып, інді қаза бастайды.

Тышқан – Нұртілек

Мен тышқанмын,
Өзім дән екпеймін.

Егістен ұзап кетпеймін,
Айналам толы ән,
Қоймам толы дән,

Дәнді тастап кетпеймін - деп ән салып жүрген тышқанды мысық бас салып ұстап алады.

- Айт, үйіңде не бар? Жаныңның барында айт, тез, әйтпесе, қазір жеп қоямын.

Тышқан: Сен маған бір ән айтып бер.

Мысық: Мақта қызбен қосылып « Қошақаным» әнін айтып береді.

Әжей: Тышқан мысыққа рахмет айтып, бір қап тары береді, мысық дәнді тауыққа береді, мысық жұмыртқаны дүкеншіге береді, дүкенші мысыққа сағыз береді, сағызды

мысық қыздарға береді, қуанған қыздар мысыққа су береді, суды мысық ағашқа құяды, шөлі қанған ағаш мысыққа жапырақ береді. Жапырақты мысық сиырға береді, сиыр оған қатық береді, қатықты мысық Мақта қызға берді.

Мысық: Мақта қыз, қатығың міне мен енді бұзық болмаймын, айтқаныңды тыңдаймын,- деп қатықты қызға берді.

Әжей: Сөйтіп Мақта қыз қатығын ,мысық құйрығын қайтарып алып, екеуі тату-тәтті өмір сүрген екен.

Балалар менің ертегімді тыңдай отырып ертегі кейіпкерлерін жақсы сомдағандарың үшін көп-көп рахмет!

Балаларымыздың өнерлерін тамашалаған апайларға да рахмет.

Келесі ертегіні тыңдағанға дейін қош сау болыңдар.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: ертегі мазмұнын.

Игереді: ертегі кейіпкерлерінің жағымды жағымсызын ажыратып айтуды .

Меңгереді:ертегі бойынша сұрақтарға толық жауап береді.

Вариативтік компонент : «Ертегілер елінде»

Күні : 22.02.25ж

Тақырыбы: «Мақта қыз бен мысық»

Мақсаты: Ертегіні ойнау барысында, кейіпкерлердің жүріс-тұрысын , дауыс ырғағын, дұрыс жеткізе білуге тәрбиелеу.

«Мақта қыз бен мысық» ертегісін естеріне түсіру, ертегілерге деген қызығушылықтарын арттыру.

Білімділігі: Шығармашылық білімдерін жетілдіру.

Дамытушылық: Сахналау, мазмұндау қабілеттерін дамыту.

Тәрбиелік: Көркем әдебиетке деген қызығушылығын тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдері: Сұрақ-жауап, мазмұндау, түсіндіру, сахналау.

Көрнекіліктері: Ертегі кейіпкерлерінің суреттері.

Шаттық шеңбері: *Балалар «Ертегілер» әуенімен топқа кіреді.*

- Балалар, бүгін бізге қонаққа апайлар келіп отыр, кәне балалар апайлармен амандасайық.
- **Балалар:** Қайырлы таң алтын күн!

Қайырлы таң көк аспан!

Қайырлы таң Жер ана!

Қайырлы таң апайлар!

Қайырлы таң достарым!

- **Қонақтар:** Сәлеметсіңдер ме, балалар!

Ұйымдастыру кезеңі:

Тәрбиеші: Балалар, сендер ертегі тыңдағанды ұнатасыңдар ма ?

Балалар: Иә.

Тәрбиеші: Ендеше біз қазір сендермен ертегі еліне саяхатқа барамыз. Ол үшін кәне бәріміз көзімізді жұмып, айналайық. 1-2-3 *Музыка әуенімен көздерін жұмып айналады.*

- Ал енді көздеріңді ашыңдар.

- Міне балалар, біз көзді ашып жұмғанша «Ертегілер еліне» де келіп жеттік.
- Балалар, мына суреттерге қарандаршы, қандай ертегілердің кейіпкерлері екен.
- Маған бұл ертегілер есіме түспей тұрғаны, сендер маған көмектесіп, айтып бересіңдер ме?

Балалар: Мына суреттегі кейіпкерлер «**Үш торай**» ертегісінен.

- Екінші суреттегі кейіпкерлер «**Шалқан**» ертегісінен.
- Ал мына кейіпкерлер «**Үш аю**» ертегісінен.



Тәрбиеші: Тамаша балалар, ал мына, әп-әдемі, кіп-кішкентай үйшікте кім тұрады екен?

Балалар: Бұл әп-әдемі, кіп-кішкентай үйшікте тышқан, бақа, қоян, қасқыр, түлкі, аю тұрады. Бұл «**Үйшік**» ертегісі ғой.

Тәрбиеші: Балалар сендерге ертегілер әлемі ұнады ма?

Балалар: Иә, ұнады.

Тәрбиеші: Ертегілерді жақсы біледі екенсіңдер? Бірақ бізге балабақшаға оралу керек. Ол үшін кәне бәріміз көзімізді жұмып, айналайық. 1-2-3 *Музыка әуенімен көздерін жұмып айналып, балабақшаға оралады.*

Тәрбиеші: Енді мен сендерге «**Мақта қыз бен мысық**» ертегісін оқып беріп, естеріңе түсірейін, содан кейін қонақтарға сахыналап берейік.

- Бірақ ертегіні айтпас бұрын біз сендермен қазір мына белгілер арқылы екі топқа бөлінеміз.

1-ші топ: Шығармашылық орталығы:

Бұл орталықтағы балалар мысықтың суретін әр түрлі әдіс-тәсілдермен бейнелейді.

1-ші Әдіс: Мысықтың үстін жұлмалау әдісімен жапсыру.



2-ші Әдіс: Мысықтың бейнесін саусақ әдісімен бейнелеу.



2-ші топ: Театр орталығы: Ал біз сендермен «Мақта қыз бен мысық» ертегісін тамашалаймыз.

Тәрбиеші: Бір күні «Мақта қыз» үй сыпырып жүріп, мейіз тауып алып, мысықты шақырады. Мысық келмейді. Мысық келменген соң. Өзі мейізді жеп қояды. Сосын мысық келеді.

Мысық: Мақта қыз, сен мені неге шақырдың?

Мақта қыз: Үндемейді.

Мысық: Айтпасаң, мен сенің қатығыңды төгіп тастаймын.

Мақта қыз: Ал мен сенің құйрығыңды жұлып аламын. *Мысық мақта қыздың қатығын төгіп тастайды. Мақта қыз мысықтың құйрығын жұлып алады.*

Мысық: Апа, апа маған құйрығымды берші деп сұрайды.

Мақта қыз: Ал сен менің қатығымды қайтарып бер.

Мысық: Сиырға келіп қатық сұрайды.

Сиыр: жапырақ сұрайды.

Мысық: Ағашқа келіп жапырақ сұрайды.

Ағаш: Су сұрайды.

Мысық: Қыздарға келіп су сұрайды.

Қыздар: Сағыз сұрайды.

Мысық: Дүкеншіге келіп сағыз сұрайды.

Дүкенші: Жұмыртқа сұрайды.

Мысық: Тауыққа келіп жұмыртқа сұрайды.

Тауық: Жем сұрайды.

Мысық: Тышқанға келіп жем сұрайды.

Тышқан: Мысыққа жем әкеліп береді.

Мысық: Жемді тауыққа береді.

Тауық: Жұмыртқа береді.

Мысық: Жұмыртқаны дүкеншіге береді.

Дүкенші: Сағыз береді.

Мысық: Сағызды қыздарға береді.

Қыздар: Су береді.

Мысық: Суды ағашқа береді.

Ағаш: Жапырақ береді.

Мысық: Жапырақты сиырға береді.

Сиыр: Қатық береді.

Мысық: Қатықты Мақта қызға береді.

Мақта қыз: Мысыққа құйрығын қайтарып береді.

Тәрбиеші: Ертегі не туралы?

Балалар: «Мақта қыз бен мысық» туралы.

Тәрбиеші: Балалар, кәне «Шығармашылық орталығындағы» балалардың не істегендерін көрейік.

- Шығармашылық орталығындағы балалардың жұмыстарын көріп, олардан не істегендерін сұрайды. Қандай әдіспен жұмыс жасағандарын сұрау.

Тәрбиеші: Балалар сендер шаршаған шығарсыңдар, бір серігіп алайық.

Сергіту сәті: Қылқаламды қояйық,

Орнымыздан тұрайық,

Оңға қарай иіліп,

Солға қарай иіліп,

Белімізді жазайық.

Тәрбиеші: Енді балалар, мен сендерге тапсырмалар беремін, сендер сол тапсырмаларды орындайсыңдар.

1. тапсырма: «Енесін тап».



1. тапсырма: «Не артық?».



Тәрбиеші: Ертегіні қалай түсінгендеріңді мен қазір ойын арқылы тексергім келеді.

Дидактикалық ойын: «*Мен жасырамын, сен тауып көр*»



Шарты: Тақтада мақта қыз ертегісінің кейіпкерлері ілулі тұрады. Балалар көздерін жұмады, тәрбиеші бір кейіпкерлерді жасырып, қандай кейіпкерді жасырғанын сұрайды. Балалар табады. Ойын осылай жалғаса береді.

Тәрбиеші: Сабағамызды қорытындылайық.

Қорытынды: «Кубизм» әдісімен қорытындылау:



- Мақта қыз қандай кейіпкер?
- Мысықты сипатта.
- Сиыр қандай жануар?
- Ағаштың пайдасы қандай?
- Қыздар не әкелді?
- Дүкенші не сатады?
- Тауық не береді?
- Тышқан туралы қандай ертегі білесің?

Бағалау:

- Балалар сендерге сабақ ұнады ма?
- Кім сабаққа жақсы қатысып отырды?
- Өздеріңді қалай бағалайсыңдар?

Балаларды жақсы қатысқандары үшін мадақтау.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: ертегі мазмұнын.

Игереді: ертегі кейіпкерлерінің жағымды жағымсызын ажыратып айтуды .

Меңгереді:ертегі бойынша сұрақтарға толық жауап береді.

Вариативтік компонент : «Ертегілер елінде»

Күні : 29.02.25ж

Тақырыбы: Күшік пен мысық (ертегі)

Мақсаты: Ертегі мұқият тыңдай білуге, өз түсініктері бойынша айта білуге үйрету. сөздік қорларын молайту, тілдерін дамыту.

Әдіс – тәсілдер: Түсіндіру, әңгімелеу, ойын.

Қажетті көрнекі құралдар: Күшік пен мысықтың құрастырма суреті, жұмыс дәптері, атрибуттар.

Сөздік жұмыс: марғау.

Қостілділік компонент: күшік- щенок-dog, мысық-кот-cat,

Балалар қонақтармен амандасып, асықтардан таңдағандарыңызды алып отыра қойыңыздар.

Құрпстырманы құрастырып ненің бейнесі шыққанын табайықшы.

-Ал сендердің үйлерінде мысық пен күшік бар ма?

-Сендер мысық пен күшіктеріңе не бересіңдер, олар қандай тамақ жейді?

-Ал сендердің күшіктерің қандай дыбыс шығарады?

Тақтаға күшік пен мысықтың суреті ілінеді.

-Балалар, сендер ненің суретін көріп тұрсыңдар?

-Күшіктің анасын қалай атаймыз?

-Ит деген сөз неше буыннан тұрады.

-Балалар дауысты дыбыс жеке бір буынды құрайды.
-Ал мысықтың баласын марғау деп атаймыз.
-Марғау сөзі неше буынға бөлінеді?
-Енді осы күшік пен мысыққа ат қойыңдаршы.
-Ақтөс пен мамық сөздері неше буыннан тұрады?
Ал, мына кубикпен ойнай отырып суретті атап буынға бөлеміз

-Қазір күшік пен мысық әңгімесін мәнерлеп оқып беремін.
-Қарны ашқан күшік қаңғып жүріп тауда қасқырға кезігеді.
-Ей, күшік мен сені жеймін,-дейді қасқыр.
-Қой, жеме мені әуелі тойдыр, сонан соң жейсің –дейді күшік.
-Жарайды, жүр, соңымнан қалмай жүре бер,-дейді қасқыр. Екеуі бір топ сиырды көреді.
-Күшік, менің көздерім,құлақтарым, аузым, құйрығым қандай?-дейді қасқыр.
-Көздерің қып-қызыл, екі құлағың жымыған, ауызың арандай ашылған, құйрығың жас шыбықтай майысып тұр.

Қасқыр:

-Енді маған қара,-деп бұзаудың тамағына жабысып өлтіріп, күшікті де тойғызады, өзі де тояды.

-Күшік, енді сені жемеймін. Сау бол!-деп кетіп қалады. Іші пысқан күшік мысыққа кездеседі.

-Мысық мен сені жеймін,-дейді.

-Мені тойдыр күшік.

-Жарайды, менімен бірге жүр,-дейді күшік. Екеуі бір топ жылқыны көреді.

-Мысық маған қара, құлағым, көзім, құйрығым қандай?

Көзің бозарып, құлағың сылпиып, құйрығың салпақтап тұр.

Күшік:

-Қара маған не қыларымды?-деп жылқыға жабыса кетеді. Жылқы маңдайынан бір тебеді. Күшік сол арада ұшып түседі.

Сонда мысық:

-Әй, мақтаншақ, әліңе қара, сен қасқыр бола алмайсың,-дейді.

Ертегі мазмұнын сұрау.

-Балалар сендерге ертегі ұнады ма?

-Ертегі кейіпкерлерін атап беріңдерші?

-Күшік келе жатып неге жолығады?

-Қасқыр не дейді?

-Күшік не дейді?

-Екеуі келе жатып нелерді көреді?

-қасқыр не жейді?

-Тойған қасқыр күшікке не дейді?

-Іші пысқан күшік неге жолығады?

-Мысыққа не дейді?

-Мысық не дейді?

-Күшік жолда нелерді көреді?

-Жылқыға күшіктің шамасы келе ме?

-Міне, балалар, «әлің білмеген әлек» деген осыдан қалған екен.

-Енді осы ертегіні рөлдерге бөліп сахналайық. (Атрибуттарын кигізу)

Сергіту сәті:

Керіледі мысық,
Көзін жаймен қысып,
Жүгіреді күшік,
Аула ішін кезіп.

Билингвальды компонент: күшік- щенок-dog, мысық-кот-cat

Марғау- мысықтың баласы.

Дидактикалық ойын: «Ертегі кейіпкерлерін тауып олардың жүрісін сал»

Ойын шарты: ертегі кейіпкерлерінің жүрісін салады.

Дәптермен жұмыс:

Дәптердегі №8 тапсырма бойынша орандалады. Жеке жұмыс жүргізіледі.

Күтілетін нәтиже:

біледі: Ертегіні сахналап, ертегі кейіпкерлері атауларын буынға бөлуді.

игерді: Ертегі мазмұнын, бір буында бір дауысты дыбыс болатынын.

меңгерді : бойынша сұрақтарға толық жауап береді.

Вариативтік компонент : «Ертегілер елінде»

Күні : 07.03.25ж

Тақырыбы: «Түлкі мен тырна» ертегісі.

Мақсаты: Ертегі тыңдап, оқиғаның өрбуіне кейіпкерлерді сипаттай білуге үйрету. ертегі мазмұнын түсіндіре отырып, балаларға адамгершілік тәрбие беру. Бала бойына достық, қамқорлық, кішіпейілділік қасиеттерін ояту. Ертегі мазмұны мен жағымды кейіпкерлерді ажыратуға баулу. Ертегі желісі бойынша тапсырмалар үйрету арқылы, кейіпкерлерді достыққа шақыру.

Сөздік жұмыс: түлкі, тырна.

Билингвалды компонент: түлкі-лиса, тырна-журавль

Заттық дамыту ортасы: ертегі кейіпкерлерін сахналау, слайд арқылы көрсету, түсіндіру, Восковичтің дамыту ойындарын қолдану

Шаттық шеңбері

Біз әдепті баламыз

Біз ерекше баламыз

Үйге қонақ келгенде

«Сәлеметсіз бе!» -деп

Амандасып аламыз.

- Балалар сендердің бүгінгі көңіл-күйлерің қалай? Сендер менімен бірге саяхатқа шыққыларың келе ме?

Олай болса мен сендерді ертегілер еліне саяхатқа шақырамын(балаларды әуен ырғағымен поезд тәріздес етіп жүргіземін)

Таңғажайып сәт.

Балалардың алдынан ертегілер елінің ханшайымы шығады.

Ханшайым:

-Сәлеметсіздер ме, балалар? Мен сендерді көріп қуанып тұрмын. Сендер қандай мақсатпен ертегілер еліне келдіңдер? Сендердің келгендерің өте жақсы болды. Маған сендердің көмектерің өте қажет болып тұр. Олардың кім екенін жұмбақтар шешу арқылы біле аламыз. Сендер көмектесесіңдер ме балалар?

Жұмбақтар шешу:

1 Өзі айлакер, өзі қу,

Жүрген жері айқай да шу.

2 Көкте ұшады тізіліп,

Біз қараймыз қызығып.

Осы кезде түлкі мен тырна ортаға келеді.

-Балалар бұл «Түлкі мен тырна» ертегісіндегі кейіпкерлер ғой. Олай болса жайғасып отырып ертегіні тамашалаңдар.

«Түлкі мен тырна» ертегісін сахналау.

Ханшайым:

Ерте, ерте, ертеде түлкі мен тырна өмір сүріпті. Бір күні олар орманда кездесіпті. Екі дос бірін-бірі қонаққа шақырыпты.

-Досым тырна маған қонаққа кел, сен үшін бәрін дайындап қоямын -деді түлкі.

Тырна түлкіге қонаққа келді. Түлкі ботқа пісіріпті Ботқаны тарелкеге салып тырнаға берді.

Ханшайым:

Тырна тарелкені тырс-тырс еткізіп ботқаны жей алмады.

Түлкі:

-Менде басқа ештеңе жоқ, тамақтан досым.

Тырна:

-Рахмет, досым енді мен сені қонаққа шақырамын.

Ханшайым:

Ертесіне тырна түлкіні қонаққа шақырады. Етті картоппен қуырып, құмыраға тамақты салып береді.

Тырна:

-Тамақтан сүйікті досым -деді.

Ханшайым: түлкі құмыраға басын былай салып, былай салып бірақ жей алмайды.

Түлкі:

-Сен қонақты қалай қарсы алуды білмейсің ба?- деп ашуланып кетіп қалады.

Ханшайым:

Содан бері екі дос бір-біріне ренжіпті. Осымен ертегіміз аяқталды.

Тәрбиеші:

-Балалар ертегі сендерге ұнады ма?

-Бұл жерде қандай кейіпкерлер бар?

-Түлкі тырнаны қонаққа шақырғанда қандай ыдыспен тамақ берді?

-Тырна іше алды ма?

-Ал тырна түлкіге не істеді?

-Ертегі кейіпкерлері бір-біріне ренжіп қалды. Оларға достық жетіспейді

-Балалар біз тырнаны достастырсақ қайтеді.

Олай болса ең алдымен сергіту жаттығуын орындап алайық.

Сергіту сәті:

Саусақтар шыншыр болады,

Үзілмейді тартсаңда.

Ал, піл келіп шынжырды,

Үзіп кетті басқанда

Тұмсығымен доп іздеп,

Ойнағысы келіп тұр.

Достық үшін пілге мен,

Гүл сыйлағым келіп тұр.

-Түлкі мен тырнаның бір біріне тапсырмалары бар екен, соларды орындаса ғана достасады екен. Оларды достастыруға дайынбыз ба?

Балаларды екі топқа бөліп отырғызып, «түлкілер және тырналар» екі топқа бөлеміз.

1 Логикалық сұрақтар: (Интерактивті тақта бойынша балаларға тапсырма беріледі)

Дидактикалық ойын:

«Не артық?»

2 Восковичтің дамыту ойыны:

түлкі мен тырнаның тамақ құйып берген ыдыстарын нүктелерді қосу арқылы көрсету.

Ханшайым балаларға рахметін айтып оларға өз сыйлығын табыс етеді. Музыка әуенімен балабақшаға оралу.

-Балалар, біз қайда саяхатқа бардық?

-Ол жақта кімдерді көрдік?

-Ханшайым қандай көмек сұрады?

-Түлкі мен тырна неге ренжісті?

-Біз оларды қалай достастырдық?

-Балалар, бүгін сендер үлкен іс тындырдыңдар. Ренжісіп қалған түлкі мен тырнаны достастырдыңдар.

Мадақтау!

Күтілетін нәтиже:

біледі: жасайды, ертегі мазмұнын түсініп тыңдайды.

Түсінеді: кейіпкерлердің дұрыс еместігін.

Меңгерді: достық сөзін түсініп, бір-біріне қамқор болуды.

Вариативтік компонент : «Ертегілер елінде»

Күні : 14.03.25ж

Тақырыбы: «Қызыл телпек» ертегісі.

Мақсаты: Ертегі мазмұнын зейін қойып тыңдауға үйрету. Балалардың сөздік қорын молайту.ертегінің мазмұнын түсінуге, кейіпкерлердің әрекеттеріне баға беруге баулу.

Ертегі кейіпкерлеріне сипаттай білуге дағдыландыру. Өтірік айтпауға, үлкенді сыйлауға, қамкор болуға, жамандық жасамауға тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдер: әңгімелесу, түсіндіру, сұрақ қою, жауап алу.

Көрнекіліктер: ертегінің мазмұнына байланысты суреттер.

Іс-әрекет кезеңдері

Тәрбиешінің іс-әрекеті

Балалардың іс-әрекеті

Мотивациялық-

қозғаушылық

Ұйымдастыру кезеңі.

Балалар шеңбер бойына тұрып, тәрбиешінің көмегімен өлең жолдарын қайталайды:

Біз қандаймыз, қандаймыз,

Шұғылалы таңдаймыз.

Күлімдеген күндейміз.

Ренжуді бізбілмейміз.

Қуанамын мен де,

Қуанасың сен де.

Қуанайық достарым,

Арайлап атқан күнге.

-Міне, жарайсындар, балалар! Бүгінгі оқу іс-әрекетімізді жақсы көңіл-күймен бастайық.

Шеңбер бойына тұрып, шаттық шеңберін орындайды.

-Ия.

Іздену-ұйымдастырушылық

-Балалар, айтындаршы, сендер ертегі тыңдағанды жақсы көресіңдер ме?

-Қандай ертегі білеміз?

-Бізді ұйықтар алдында әжеміз, анамыз ертегі айтып береді, ия, балалар?

-Ендеше, балалар бүгін біз Шарль Перроның «Қызыл телпек» атты ертегісін мазмұнын аша әңгімелесеміз.

Ертегінің кейіпкерлерімен жақынырақ танысайық.

-Ия, жақсы көреміз.

-Көп. «Бауырсақ», «Шалқан», «Алдар көсе», т.б.

-Ия, айтады.

Іздену-ұйымдастырушылық

Ертегісін оқып беру.

Суреттердің көмегімен суреттерге қарап ертегіні баяндау.

Сергіту сәті

Қорбандаған аюдың,

Құлпынайы көп екен.

Теріп-теріп алайық,

Қалтамызға салайық.

Жуып-жуып алайық,

Аузымызға салайық.

Ғажайып сәт

-Балалар, біздің топқа біреу келе жатыр-ау деймін. Бұл кім өзі? Балалар, кім келіп қапты?

Қызыл телпек: -Сәлем, достар! Мен Қызыл телпекпін.

-Балалар, Қызыл Телпек қайдан келіпті?

-Қызыл телпек сен қайда бара жатырсың? Сені анаң тағы да әжеңе жұмсады ма?

Қызыл телпек: -Ия, мені анам тағы да әжеме жұмсады. Әжемнің жағдайын білуге бара жатырмын. Орманға жету үшін осы балабақша жанынан өтуге тура келеді. Өтіп бара жатып мен туралы ертегі оқып жатқандарыңды естіп әдейі келдім, достар.

-Қәнекей, достар, сендер ертегіні қалай түсінгендеріңді сұрақтар қою арқылы анықтайын.

Тәрбиеші: — Қызыл телпек, сен тынығып ал. мен балаларға саған көмектесуін сұрайын.

Суреттерді көрсету

«Жақсы-жаман», «Қай жол қысқа?» деген ойындарды ойнатамын.

Мақсаты: балаларға жаман мен жақсыны айыра білуге машықтандыру. Кеңістікті суретке қарап бағдарлай білуге дағдыландыру.

Балалар ертегіні тыңдайды.

Өлең мазмұнына сай қимыл-қозғалыс жасайды.

Балалар таң қалысып, есікке қарайды.

Қызыл телпекпен амандасады.

«Қызыл телпек» ертегісінен келді.

Балалар ойынды қызығушылықпен ойнайды.

Рефлексивті түзетушілік

Қызыл телпек сұрақ-жауап арқылы балалармен қарым-қатынас жасайды.

-Сендерге ертегі ұнады ма?

-Анам мені қайда жұмсады?

-Маған кім кездесті?

-Қасқыр қай жерге жеткенімде кездесті?

-Мен қасқырдан қорықтым ба?

-Қасқырдың қарнын жарған кім?

Тәрбиеші: -Жарайсыңдар, балалар! Сендер ертегіні жақсы меңгеріпсіңдер. Қызыл телпекті рахмет айтып шығарып салайық. Жолынан қалмасын. Кеш болып кетіп тағы қасқырға кезігіп қалар. Ия, балалар?

Қызыл телпек: — Рахмет, достар. – сау болыңдар! Ақылды болыңдар.

Қызыл телпек қоштасып кетеді.

Тәрбиеші балаларды бағалап, алғыстарын айтады.

-Сау болыңдар, балалар!

Сұрақтарға жауап береді.

-ия, ұнады.

-әжеме.

-қасқыр

-жоқ, қасқырмен сөйлесті. – орманда.

-Қасқырға кездеспесін.

-Сау бол, Қызыл телпек. Келіп тұр. Әжеңе сәлем айт.

Қимастықпен қоштасады.

-Сау болыңыз!

Күтілетін нәтиже:

Біледі: ертегінің мазмұнын толық білді.

игереді: кейіпкерлердің әрекетіне баға беруді, салыстыруды игерді.

Меңгереді: сұрақ-жауап арқылы оқытуды меңгерді.

Вариативтік компонент : «Ертегілер елінде»

Күні : 28.03.25ж

Тақырыбы: Құмырсқаның серуені. Оқу, әңгімелеу.

Мақсаты: Балалар халық ауыз әдебиетіне деген қызығушылығын ертегілер арқылы артыру. Балалар халық ауыз әдебиетіне деген қызығушылығын ертегілер арқылы артыру.

дамытушылық: Балалардың ойлау қабілетін, есте сақтау қабілетін дамыту.

тәрбиелік: Адамгершілікке, үлкенді тыңдай білуге тәрбиелеу.

Жаңа сөздер: Жәндіктер

Қолданылған көрнекіліктер: ертегі кейіпкерлерінң үстел үсті театры, муляждары. Ұшақ шапкасы.

Тәрбиеші балаларға жәндіктер әлеміне көрмеге баратынын айтады.

Балалар көрмеге қандай көлікпен барғыларың келеді?

Ендеше ұшаққа отырып жәндіктер әлеміне барайық.

Тәрбиші балалар біз жәндіктер көрмесіне келдік. Қандай жәндіктерді көріп тұрсыңдар?

д\о «Қандай жәндік»

Мақсаты. Жәндіктердің тіршілік етуін әңгімелеу.

Балалар жәндіктерді бақылап , тәрбиеші көмегімен әңгімелейді.

Балалар осы жәндіктер туралы ертегі тыңдағыларың келеме?

Тәрбиеші балаларды кілем үстіне шақырады. Балаларға құмырқаның серуені ертегісін әңгімелейді.

Білесіңдер ме, балалар? Ертеде құмырқалар қазіргідей еңбекқор болмапты. Күні бойы қыдырып, одан қалса жатып ұйықтайды екен. Анда – санда аш болмау үшін жұмыс істейді екен. Онда да ерініп шын көңілімен істемейді екен. Олардың біреуі мүлде жалқау екен. Күн сайын ұйқысынан тұрсымен:

- Ah, ah.. Бүгін еш нәрсе істемей қарынымды қалай тойдырсам екен?- деп ойланады екен. Сөйтіп ойланып жүргенде ойына бір нәрсе келіпті. Ее, менің досым бар екен ғой. Күнде солардың біреуіне қонақ болсам ешкімге зияным жоқ . Осылайша әрі қарынымды тойдырам, әрі жұмыс істемеймін.,-деп ойланған құмырқа, ойын жүзеге асыруға кірісіпті. Құмырқа жолға шығыпты. Бір араның үйіне келіпті . Есік қағыпты.

Есіктің арғы жағынан «Кім бұл!-деген дауыс шығыпты. Сол кезде құмырқа:

- Есігіңді аш, бауырым. Мен құмырқа бауырыңмын ғой. Бүгін сенің үйіңе қарынымды тойдыруға келдім. Үйіндегі барыңды құмырқа бауырыңа бер депті. Ара есігін ашып , үйіндегі бар дәмдісін беріп, құмырқаның көңілін көтеріпті. Кешке құмырқа араға рахметін айтып үйіне келіпті. Төсегіне жатып. Ох мен жұмыста істеген жоқпын, шаршаған да жоқпын қарынымды тойдырды депті.

Құмырқа келесі күні өрмекшіге барыпты. Өрмекшінің дәмді тамақтарын жеп, рахметін айтып үйіне қайтыпты. Осылай қыдырып жүріп қарынын тойдырған құмырқаға қатты ұнапты. Үшінші күні құмырқа көбелекке келіпті. Көбелек бар тапқан асын құмырқаның ауызына төсепті. Көбелек құмырқаны қанатына отырғызып гүлден-гүлге қондырып , биіктерге самғап ұшып көңілін көтеріпті. Құмырқа рахметін айтып үйіне қайтыпты. Қандай керемет . Жұмыс та істеген жоқпын, қарынымды тойдырдым-депті. Сөйтіп жылжып күндер өтіпті.

Құмырқаның қонаққа баоратын достары таусылыпты. Енді не істесем екен? Достарыма қайтадан қонаққа барсам ба екен деп ойланыпты. Ұйқысынан тұрғанда біреулер есік қағыпты. Сөйтсе достары оған қонаққа келіп тұр екен.

Құмырқа қатты сасып, не сітерін білмепті. Сонда ұялып тұрып:

- Сендерді қонақ қылғым келеді? Бір-ақ үйімде сендерді отырғызаитын орын жоқ, не бір тілім наным доқ –депті.

Достары құмырқаға қатты ренжігені соншалық енді оған көмектеспеуге бел байлапты. Құмырқа өзінің достарын ренжіткені үшін, әрі өзінің жалқаулығына қатты ренжіпті. Сөйтіп, балалар , құмырқа жалқаулықтың өте жаман нәрсе екенін түсініп, сол күннен бастап тыным таппай еңбек ететін болыпты.

Сергіту сәті: «Құмырқа»

Д\о «Кім не істеді»

Ертегі желісін балалармен бірге әңгімелеу.

Балалар енді ұшағымызға отырып тобымызға оралайық.

- Балалар қайда қонаққа бардық?

- Қандай көлікпен бардық?

- Көрмеден қандай жәндіктерді көрдіңдер?

- Қандай ертегіні әңгімеледік?

Жәндіктер көрмесіне бардық.

Ара , құмырқа, көбелек, шегіртке.

Құмырқаның серуені.

Тәрбиеші жақсы қатысқан балаларға жұлдызша таратады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі:Ертегі кейіпкерлерін атай біледі.
түсінеді : Ертегі туралы түсінігі бар.
менгереді.Ертегіні әңгімелей алады.

Вариативтік компонент : «Ертегілер елінде»

Күні : 04.04.25ж

Тақырыбы: «Үш торай»

Мақсаты: Үш торай туралы білімдерін толықтыру.ой-өрісін, есте сақтау қабілетін дамыту.адамгершілікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу

Білімділік: Үш торай туралы білімдерін толықтыру.

Дамытушылық: ой-өрісін, есте сақтау қабілетін дамыту.

Тәрбиелік: адамгершілікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.

Қолданатын көрнекіліктер: Ертегі кейіпкерлері , үйдің суреттері бейнеленген карточкалар, геометриялық фигуралар.

Тәрбиеші балаларға сиқырлы сандықша тауып алғандығы жөнінде хабарлайды.

Сәлеметсіңдер ме балалар?

Балалар қане сиқырлы сандықты ашып не бар екенін көрейік. Мынаны қараңдар балалар ертегі кейіпкерлері, үй суреттері, түрлі түсті геометриялық пішіндер бар екен. Балалар қане айтындаршы бұл кейіпкерлер, үй суреттері таныс па сендерге? Бұл қай ертегінің кейіпкерлері?

Д/о: «Тауып көр»

Мақсаты: ойлау қабілетін дамыту

Балалар суретте бейнеленген торайлардың есімдерін атап, олардың үйлерін көрсетіндерші.

Балалар кейіпкер белгілерін (түсті) дұрыс таба білу дағдыларын анықтау үшін шеңберлер мен төртбұрыштарды әр түрлі ретте орналастырамыз.

Балалар шеңбердің түсіне қараңдаршы қызыл, жасыл, сары түсті шеңбер, ал төртбұрышта да қызыл, жасыл, сары осы пішіндерді түсіне қарай орналастырайық. Сергіту сәті:

Орманда бір үй тұр

Есігінде құлып тұр

Айтындаршы балалар

Құлыпты кім ашады.

Ертегі желісі бойынша әңгімелеу:

Мақсаты: балалардың ертегіні үлгі бойынша мазмұндау біліктілігін арттыру.

Балалар төртбұрыш пен шеңбердің суреті бар карточкаға қарап, кейіпкерлерді атап беріндерші.

Бір күні 3 ағайынды торайлардың ішінде ең ақылдысы Наф-Наф күн суытады үй салайық дейді. Ниф-Ниф пен Нуф-Нуф оған көмектескісі келмейді Біз өзімізге үй саламыз дейді. Қызыл төртбұрыш пен қызыл шеңберді қойып, Наф-Наф оларды көндірмей өзі жалғыз үй салады

Балалар суретте бейнеленген торайлардың есімі кім болды?

Біз қандай түстермен таныстық?

Наф-Нафтың салған үйі қандай?

Балаларды мақтау, мадақтау.

Күтілетін нәтиже.

Біледі: Түстерді ажыратып, сұрақтарға жауап беруді біледі.

Түсінеді: Ертегінің мазмұны мен оның құрлысы жайлы толық түсінігі бар.

меңгерді: Суреттермен жұмыс істей алады.

Вариативтік компонент : «Ертегілер елінде»

Күні : 11.04.25ж

Тақырыбы: Әдеп

Мақсаты: Балаларды әдептілік ережелерімен таныстыру. Отбасында, тұрмыс-тіршілікте әділет пен адамдыққа, инабат пен ізгілікке, еңбек пен өнерге, мейірімділік пен қонақжайлылыққа тәрбиелеу. Өмірдің әр түрлі жағдайларында өзін мәдениетті ұстай білуге, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете білуге баулу. Балалардың айналадағы адамдармен қарым-қатынасын дамыту. Бүлдіршіндерімізді рухани адамгершілігі мол, әдепті де әдемі тұлға етіп тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдер: Әңгімелесу, түсіндіру, бейнебаяннан әртүрлі жағдаяттарды қарап талқылау.

Көрнекі құралдар: бейнепроектор, үнтаспа.

Шаттық шеңбері;

Күннің көзі

ашылсын

Жерге шуақ

шашылсын.

Құтты қонақ
келіпті
Төрімізге
еніпті

Тәрбиеші:

- Балалар бүгінгі оқу іс-әрекетіміз әдептілік жайында болмақ. Әдептілік-адамдардың өзара жақсы қарым-қатынасының, жүріс тұрысының ережесі.Әрбір адам-өз отбасында, қоғамда, жұмыс орнында, тағы да басқа қай жерде болсын өзін әдепті, тәрбиелі ұстай білуі қажет. Әдептілік алдымен сәлемдесуден басталады. «Сәлем – сөздің атасы» деп біздің қазақ халқы амандасуға үлкен мән береді. Жасы кішілер, үлкен адамға бірінші болып сәлемдесу керек. Сендер үлкен аталарға қалай амандасасыңдар?

(Балалар «ата» мен «немерелер» болып ойнап көрсетеді.Сахналау)

-«Ас-салау-мағалей-кум!»—Сұраймыз,үлкендердің саулығын саламатын.

-«Уағалейкум-әс-сәләм!»-,

қарақтарым,

- Сәлем берген қай

боталар?

- Бұл біз ғой,--

немерелер

Үлкенге сәлем

берер

Деп шулап

аталардан

Аламыз баталарын!

Алдымыздан кезіккен

Көп танысты көреміз.

Бәріне де ізетпен

Біздер сәлем береміз.

Сәлеметсіз бе, ағай деп.

Сәлеметсіз бе, апай деп.

Есенсіз бе, әжей деп.

Сәлемет пе, достар

деп.

Тәрбиеші:

- Сәлемдесу-ағайын мен туыстың, достарды, үлкен мен кішіні жақындату, адамның көңіл күйін білу, оған өз ниетінді білдіру. Балалар әлемде көптеген елдер, ұлттар бар, ал сол елдер бір-бірімен қалай амандасады екен? Білгілерің келе ме? Мысалы, Жапон елінде бір –біріне еңкейіп қарап амандасады екен. Ал Тибет елінде бір-біріне қарап тілдерін шығарады екен. Үнді елінде қолдарын қусырып, төмен қарап тұрып амандасады екен.Тайландта қолдарын үнді сияқты, тек бас бармақтарын иектің астына, сұқ саусақты маңдайға тигізіп амандасады екен. Жаңа Зеландия елінде бір-

бірімен маңдайы мен мұрнын тигізіп амандасады екен. Міне, балалар қандай ел, ұлт болсын барлығы да бір-бірімен амандасып, жақсылық тілеп, көңіл-күй сыйлап жүреді екен.

Тәрбиеші:

- Балалар, әдептілік әлеміне сапарымызды одан әрі жалғастырайық. Орнымыздан тұрамыз, үлкен шеңбер құрамыз.

– Көшеде біз қандай әдептілік шараларын сақтауымыз керек , білесіңдерме?

-- Көшеде біз арнайы адамдарға арналған жолмен жүруіміз керек.

– Жолдың оң жағымен жүреміз, сол жақпен қарсы келе жатқан адамдар жүру керек.

– Жасыл шөпті, гүлдерді таптамау керек.

– Көшеде айқайлап сөйлеуге, қатты күлуге болмайды.

– Жолдан өткенде бағдаршамға қарау керек, үлкендермен бірге жүру керек.

Тәрбиеші:

-Балалар қандай қоғамдық көліктерді білесіңдер?

- Автобус, такси, трамвай, троллейбус, поезд, ұшақ.

– Неліктен қоғамдық көліктер деп аталады?

- Себебі оларға жұмысқа баратын адамдар, сабаққа баратын балалар, жолаушылар мінеді.

– Біздің Ақтау қаласында осылардың қайсысы жүреді?

- Автобус, такси.

– Олай болса біз автобуспен қыдырып көрейік. Автобус тоқтап, адамдарды түсіріп, мінгізетін орынды қалай атайды, білесіңдер ме?

-

Аялдама.

– Ендеше аялдама келдік, балалар айналамызға қарайықшы, қандай көрініс көріп тұрмыз?

-- Әдепсіз балалар қағаз, қоқыстарды тастап кетіпті.

– Ендеше біз оларды жинап кетейік. (Балалар қолдарына қолғап киіп, қоқыстарды жинайды.)

-- Барлық адамдар осылай қоқысты шашпай жинап жүрсе, біздің қаламыз тап-таза болар еді. Автобусқа мінейік, балалар! (Бір бала кимелеп балаларды итеріп, аяқ кимімен орындықты басып алға ұмтылады.)

-- Мен терезе жаққа отырамын, ол менің орным.

– Балалар, жолаушыларымыздың бірінің өзін көпшілік орында қалай ұстағанын көрдіңдер ме? Қоғамдық орында өзінді қалай ұстауың керек? - Автобуста итеріп кимелеме, аяқ киіммен орындықты баспа. Қателік жасаған бала өз қатесін түсініп, балалардан кешірім сұрайды. (Көңілді музыка ойналып, автобус жүреді)

- Аялдама. Балалар автобус сыртындағы дыбыстарға құлақ түрелік, ненің дыбысы екен? (аудиожазба қосылады) балалар дыбысты айырады.

- Мотоцикл, машина, поезд, ұшақ.

Автобұсқа үлкен қария мiнедi, бiр бала ұшып тұрып орын бередi.

Тәрбиешi: Дұрыс балалар, үлкен адамға орын беру керек. Көңiлдi музыка ойнап, автобус әрi қарай жүредi. Тәрбиешi келесi аялдаманы хабарлайды, атай түсуге дайындалады, бiр бала сөмкесiн ұстап, көмектесiп атаны түсiрiп жiбередi. Атай балаларға алғыс айтып түсiп кетедi. Автобұсқа қолында кiшкене сәбиi бар ана мiнедi, балалар орын бередi.

Тәрбиешi:


- Балалар осылай көңiлдi қыдырған жақсы, әрине, бiрақ саяхатымызды аяқтайтын уақыт та болды.

Балалар автобустан түсiп шеңбер құрып тұрады.

Тәрбиешi:

- Балалар бiз бүгiн көшедегi, аялдамадағы, автобұстағы әдептiлiк жайлы бiрнеше мағлұмат алдық. Осы өздерiң көрген, iстеген әдептi iстерiңдi ұмытпай үнеми осындай әдептi болыңдар. Ендi бейне жазбадан тағы да бiрнеше жағдаятты қарап талдайық. (Жазбадан бiрнеше жағдаяттар көрсетiлiп, балалар оны талдайды.) Балалардың ойын барысында таласып қалуы, ойыншықты бөлiсе алмауы, құлап қалған балаға көмек беруi.

Мiне бұл таблицадағы суреттердi қарап әр түрлi жағдаяттарда өздерiн қалай ұстауды, қайсы жағдайда қандай шешiм қабылдауды әңгiмелеп, естерiнде сақтайды.





Оқу іс-әрекетін қорытындылау. Балалар жарты шеңбер құрып тұрып, әдептілік жайлы тақпақтар, мақал-мәтелдер айтады.

«Біз әдепті баламыз» әнін хормен орындайды.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: ертегі мазмұнын.

Игереді: ертегі кейіпкерлерінің жағымды жағымсызын ажыратып айтуды .

Меңгереді: ертегі бойынша сұрақтарға толық жауап береді.

Вариативтік компонент : «Ертегілер елінде»

Күні : 18.04.25ж

Тақырыбы: «Бақша ағаштары»

Мақсаты: Ертегі тыңдап, оқиғаның өрбуіне кейіпкерлерді сипаттай білуге үйрету.

Білімділік: ертегі тыңдап, оқиғаның өрбуіне кейіпкерлерді сипаттай білуге үйрету.

Дамытушылық: сөздерді дұрыс айтып, өз ойларын жеткізе білу, сөздік қорын молайту тілін дамыту.

Тәрбиелік: ептілікке, жанашырлыққа, қамқорлыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс: түп-түзу, қисық

Қолданылатын көрнекіліктер: ертегі кейіпкерлері, ағаш суреттері .

Тәрбиеші балаларды шаттық шеңберге шақырады

Тәрбиеші ертегілер елінен әдемі кітап

келгені туралы айтады.

Бұл кітапта бірнеше ертегілер жазылған екен, мен сендерге «бақша ағаштары» атты ертегі айтып беремін.

Ертеде жаздың әдемі бір күнінде

Таңертең бір төре өзінің баласымен бақшаға барып, екеуі де егілген ағаштары мен гүлдерін көріп жүреді.

-Баласы әке мынау ағаш тіп-тік әдемі, ал мына ағаш қисық біткен деп сұрады.

-Әкесі балам оның себебі мыныда деді: түзу ағашты адамдар күтіп, қисық бұтақтары болса кесіп отырған, ал мына ағаш ешкімнің қарауынсыз өзі қалай болса солай өскен деді.

-Баласы олай болса ағашты бағуда да көп мағына бар екен ғой деді.

-Әкесі иә, балам сен де осы өсіп келе жатқан жас ағаш сияқтысың, саған да күтім керек. Мен сенің қатенді түзеп пайдалы іске үйретсем, сен менің айтқанымды тыңдап орнына келтіріп отырсаң, жақсы адам болып өсесің, егер бағусыз бетімен кетсең сенде мын ағаш сияқты қисық өсерсің депті.

Сергіту сәті:

Тербеледі ағаштар

Алдымнан жел еседі

Кіп-кішкентай бұталар

Биік болып өседі

Сөздік жұмыс: түп-түзу, қисық.

Дойын «Қай ағаштың жапырағы »

Мақсаты: Ағаштардың аттарын атап, жапырақтары бойынша ажырата білуге үйрету

Біз бүгін не туралы айттық?

Ертегі қалай аталады?

Сендерге ертегі ұнады ма?

Ертегі не жайында айтылған?

Бақтағы ағаштар неліктен әр түрлі екен?

Мына ағаш түп-түзу әдемі болса, ал мына ағаш неге қисық өскен екен?

Балаларды мадақтау.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: ертегі мазмұнын.

Игереді: ертегі кейіпкерлерінің жағымды жағымсызын ажыратып айтуды .

Меңгереді: ертегі бойынша сұрақтарға толық жауап береді.

Вариативтік компонент : «Ертегілер елінде»

Күні : 25.04.25ж

Тақырыбы: «Қанбақ шал ертегісі»

Мақсаты: Балаларға етегі туралы білімдерін кеңейтіп, жақсы мен жаманды ажыра алуға баулу

Білімділік: «Қаңбақ шал» ертегісімен таныстыру.

Дамытушылық: есте сақтау қабілеттерін дамыту. Балалардың көркем әдебиетке деген қызығушылығын арттыра отырып сөздік қорын байыту.

Тәрбиелік: халық ауыз әдебиетіне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Құрал-жабдық: конверт, хат, «Қаңбақ шал» ертегісі, дәудің, Қаңбақ шалдың суреттері, түлкінің бет –пердесі.

Сөздік жұмыс қаңбақ шал,дәу,пәрмен.

Қостілділік компонент: дәу- великан,лашық-лачуга,пәрмен- сила.

Тосын сый: есік қағылып, тәрбиеші топқа хатты алып кіреді.

Тәрбиеші: «Бұл хат кімнен келді екен?»- деп хатты ашып оқиды.

«Сәлеметсіңдерме балалар! Мен ертегі періштесімін. Сендердің ертегіні жақсы көретіндеріңді білемін. Сондықтан да сендерге «Қаңбақ шал» ертегісін сыйға тартамын. Ертегі сендерге ұнайды деп ойлаймын. Сәлемнен ертегі періштесі. Тәрбиеші хаттан ертегіні алып балаларға оқиды.

Тәрбиеші ертегі бойынша сұрақтар қояды.

-Ертегі кім туралы?

-Оны неліктен Қаңбақ шал –деп атады?

-Қаңбақ шал дәуді қалай алдады?

-Жарайсыңдар балалар! Ертегіні жақсы түсініпсіңдер. Енді мен сендерге «Түлкі мен балапандар» ойынын ойнауды ұсынамын.

Тәрбиеші санамақтың көмегімен түлкі болатын баланы сайлап алып, қалған балаларға балапан болатындарын айтады.

-Жарайсыңдар балалар, бәрің епті екенсіңдер.

-Сендер ертегілерді білесіңдер ме?

— Мен сендерге «Ертегілер аялдамасы» ойынын ойнауды ұсынамын.

Тәрбиеші балаларға шеңбер бойы айналып жүруді ұсынып, сөздер айтады. Егерде сөздер арасында ертегілер атаулары аталса балаларға сол аялдамаға тоқтауды ұсынады.

-Балалар сендерге кімнен хат келді?

— Ертегі періштесі бізге қандай ертегі сыйлады?

— Қаңбақ шал қандай адам?

Күтілетін нәтиже:

Біледі: ертегі мазмұнын.

Игереді: ертегі кейіпкерлерінің жағымды жағымсызын ажыратып айтуды .

Меңгереді:ертегі бойынша сұрақтарға толық жауап береді

Вариативтік компонент : «Ертегілер елінде»

Күні : 02.05.25ж

Тақырыбы: «Қаңбақ шал ертегісі»

Мақсаты: Балаларға етегі туралы білімдерін кеңейтіп, жақсы мен жаманды ажыра алуға баулу

Білімділік: «Қаңбақ шал» ертегісімен таныстыру.

Дамытушылық: есте сақтау қабілеттерін дамыту. Балалардың көркем әдебиетке деген қызығушылығын арттыра отырып сөздік қорын байыту.

Тәрбиелік: халық ауыз әдебиетіне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Құрал-жабдық: конверт, хат, «Қаңбақ шал» ертегісі, дәудің, Қаңбақ шалдың суреттері, түлкінің бет –пердесі.

Сөздік жұмыс қаңбақ шал,дәу,пәрмен.

Қостілділік компонент: дәу- великан,лашық-лачуга,пәрмен- сила.

Тосын сый: есік қағылып, тәрбиеші топқа хатты алып кіреді.

Тәрбиеші: «Бұл хат кімнен келді екен?»- деп хатты ашып оқиды.

«Сәлеметсіңдерме балалар! Мен ертегі періштесімін. Сендердің ертегіні жақсы көретіндеріңді білемін. Сондықтан да сендерге «Қаңбақ шал» ертегісін сыйға тартамын. Ертегі сендерге ұнайды деп ойлаймын. Сәлемнен ертегі перішtesі.

Тәрбиеші хаттан ертегіні алып балаларға оқиды.

Тәрбиеші ертегі бойынша сұрақтар қояды.

-Ертегі кім туралы?

-Оны неліктен Қаңбақ шал –деп атады?

-Қаңбақ шал дәуді қалай алдады?

-Жарайсыңдар балалар! Ертегіні жақсы түсініпсіңдер. Енді мен сендерге «Түлкі мен балапандар» ойынын ойнауды ұсынамын.

Тәрбиеші санамақтың көмегімен түлкі болатын баланы сайлап алып, қалған балаларға балапан болатындарын айтады.

-Жарайсыңдар балалар, бәрің епті екенсіңдер.

-Сендер ертегілерді білесіңдер ме?

— Мен сендерге «Ертегілер аялдамасы» ойынын ойнауды ұсынамын.

Тәрбиеші балаларға шеңбер бойы айналып жүруді ұсынып, сөздер айтады. Егерде сөздер арасында ертегілер атаулары аталса балаларға сол аялдамаға тоқтауды ұсынады.

-Балалар сендерге кімнен хат келді?

— Ертегі перішtesі бізге қандай ертегі сыйлады?

— Қаңбақ шал қандай адам?

Күтілетін нәтиже:

Біледі: ертегі мазмұнын.

Игереді: ертегі кейіпкерлерінің жағымды жағымсызын ажыратып айтуды .

Меңгереді:ертегі бойынша сұрақтарға толық жауап береді.

Вариативтік компонент : «Ертегілер елінде»

Күні : 09.05.25ж

Тақырыбы: Ұр тоқпақ ертегісі

Мақсаты: Балаларды ертегімен таныстыру, кейіпкерге ене білуге үйрету, ойлау қабілеттерін, тілдерін дамыту.кейіпкерлердің қимылын жасай білуге тәрбиелеу

1. Балаларды ертегімен таныстыру, кейіпкерге ене білуге үйрету

2. Ойлау қабілеттерін, тілдерін дамыту.

3. Кейіпкерлердің қимылын жасай білуге тәрбиелеу

Көрнекілігі: қазақ үйрек, аңдар, қуыршақтар, ұр тоқпақ

Ұйымдастыру кезеңі: Ал, балалар, бүгінгі күн ерекше күн, себебі, біздің балабақшамызға көптеген тәрбиешілер, топ балалары қонаққа келіпті. Қане сол қонақтармен сәлемдесейікші.

Музыка залы әдемі әшекейленген. Жан-жақтың бәрі ауылдар, жердің бәрі жасыл кілем жамылғандай.

Автор: Құрметті қонақтар қарсы алыңыздар, алдарыңызда «Балауса» тобының кейіпкерлері.

«Ұр тоқпақ»

Автор: Бұрынғы өткен заманда шал мен кемпір өмір сүріпті, олар өте кедей болыпты.

Күндердің бір күнінде шал тұзақ құрыпты, тұзағының ішіне бір қаз түсіпті.

Шал енді қазды бауыздайын деп жатса

Қаз: - Ата сен мені босат, бір жылдан соң маған кел, мен сенің сұрағаныңның, айтқаныңның бәрін орындайын.

Автор: Шал келіп кемпіріне болған жайтты әңгімелеп айтын береді, ашуланған кемпір.

Кемпір:- Әй сенде бір, өзімізде аш отырмыз ғой.

Автор: Осылайша бір жыл да өтеді. Кемпірі шалды әлгі «Қазға» жібереді

Шал келе жатса алдында түйеші түйе бағып жүреді.

Шал: - Қарағым! Мына түйелер кімдікі?

Түйеші: - Бұл «Қазбайдың» түйесі

Автор: шал: Е, бұл сол қаздың түйелері шығар – деп ойлайды. Шал келе жатса, алдында қойшы қой бағып жүреді, ол қойшыға жақындап келіп.

Шал: - Шырағым! «Ассалаумағалейкум»- мына қойлар кімнің қойы?

Қойшы: - Бұл «Қазбайдың» қойы

Шал: Балам Қазбайдың тағы несі бар?

Қойшы: - Оның үш қасиетті заты бар: 1 - ші «Піс қазан» 2 - сі «Құс есек»

3 - сі «Ұр тоқпақ»

Автор: - Сөйтіп шал «Қазбайдың» ауылына да жетеді

Шал: - Ассалаумағалейкум! Қазбай!

Қазбай: - Уағалайкум - ассалам, ата жеттің бе?

Шал: - Мен сенен «Піс қазаныңды» сұрауға келдім

Автор: - дейді шал. Осылайша Қазбай шалдың сұрағанын береді. Шал келе жатса алдынан бір топ балалар шығады.

Балалар: - Ата асқа кіріңіз

Шал: - Жарайды

Автор: - Шал кіріп бара жатып былай дейді.

Шал: - Балалар «Піс қазаным» демендер

Балалар: - Мақұл ата!

Автор: Балалар атаны тыңдай ма, жоқ, ата кіре салысымен олар шулап:

Балалар:- «Піс қазаным піс, Піс қазаным піс»

Автор:- деп шулай бастайды. Шал астан шығады, бірақ балалардың қазанды ауыстырып жібергенін білмейді.

Шал: - Кемпірім мен саған бір қасиетті зат әкелдім

Кемпір: - Ол не?

Шал: - Ол «Піс қазаным» - деп жауап береді

Кемпірі:- «Піс қазаным піс, піс қазаным піс»

Автор: Қазанның пісірмей жатқанына көзі жеткен кемпір шалды үйінен қуып жібереді. Шал Қазбайға келеді

Шал: - Қазбай сенің мынауыңнан ештеме шықпады

Қазбай: - Піс қазаным піс

Автор: Қазаннан ешнәрсе шықпаған соң, Қазбай «Құс есегін» береді

Шал келе жатса алдынан балалар шығады, асқа шақырады.

Шал:- Балалар «Құс есегім» демендер

Балалар: - Мақұл

Автор: Шал үйге кіріп кеткен соң - ақ балалар: «Құс есегім, құс»- десе, есек алтын құсады. Балалар есекті басқа есекпен айырбастап, шалдың есегін жасырып қояды.

Шал есекті жетектеп үйіне келеді.

Кемпір: - Қазға барып алып келгенің осы ма?

Шал: - «Құс есегім, құс»

Автор: - десе, еш нәрсе құспайды. Шал есекті жетектеп Қазбайға тағы келеді.

Шал: Қазбай, мына есектен еш нәрсе шықпады,-

Қазбай: - «Құс есегім, құс»- десе, еш нәрсе құспайды

Автор: Шалға Қазбай «Ұр тоқпағын» береді. Шал «Ұр тоқпақты» алып келе жатса, баяғы жерде тағы да балалар жүр екен.

Балалар: - Ата, асқа түсіңіз,-

Автор: Шал үйге кіріп бара жатып:

Шал: - Шырақтарым, «Ұр тоқпағым, Ұр»-

Автор: - демендер,- дейді. Шал үйге кіріп кеткен соң, дәндеген балалар: «Ұр тоқпағым, Ұр!» - дейді. Тоқпақ балалардың әрқайсысын ұра жөнеледі. Ұрып жүр, ұрып жүр... Балалар тоқпаққа жалынады.

Балалар: - «Ойбай, «Піс қазаныңды», «Құс есегіңді» берейік»

Автор: - дегендерін шал шығып келе жатып естіп қояды. Шал келіп:

Шал: - Әп, бәлем, «Піс қазанды», «Құс есекті» бересіңдер ме?

Балалар:- Мақұл! Әкеліп береміз!

Автор: - дейді. Шал «Ұр тоқпақты» қойғызды.. Балалар «Піс қазанды», «Құс есекті» әкеліп береді. Шал «Піс қазанды», «Құс есекті», «Ұр тоқпақты» алып үйіне келеді. Сөйтіп мұратына жетеді.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: ертегі мазмұнын.

Игереді: ертегі кейіпкерлерінің жағымды жағымсызын ажыратып айтуды .

Меңгереді:ертегі бойынша сұрақтарға толық жауап береді.

Вариативтік компонент : «Ертегілер елінде»

Күні : 09.05.25ж

Тақырыбы:Қорытынды

Мақсаты: Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, жақсылық жасауға, достыққа, өз ойларын еркін жеткізе білуге дағдыландыру.

Міндеттері: «Жақсылық» ұғымы туралы түсініктерін кеңейту.

- 1.Жағымды қасиеттерін дамыту,
- 2.Өзара сыйластық қарым–қатынастарын дамыту.
- 3.Жақсылық жасауға тәрбиелеу

Біздің топта балалар Тату-тәтті ойнайды. Дос көңілі әрқашан Тек жақсылық ойлайды
Тыныштық сәті: музыка Су асты патшалығына ойша саяхат

Әңгіме «Ақтиін мен қасқыр» Сұрақ-жауап. 1. Ақтиін не себептен көңілді жүреді?

2.Ал қасқыр ше? «ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСАУ ДА- БАҚЫТ» Дәйексөздің мағынасын қалай түсінесіңдер? -Жақсылық жасау дегеніміз біреуге көрсеткен көмегің, қамқорлығың. Жамандықты ойламай, өзгелерді ренжітей, айналаңа жақсы істер жасап қуантсаң, көңілің қуанышқа бөленіп, бақытты боласың. Видео көрсету Фарида Оңғарсынова. «Жақсылық жүректе.» Сергіту сәті Көтеріліп шаңырақ Керегелер керіліп, Өрімдей боп өріліп, Уықтар боп иіліп, Шаңыраққа киіліп, Бәріміз жүрсек айналып, Киіз үй боп көрінер.

«Ренжітпе досыңды» Бүгін біз жақсылық жасау-бақыт, қуаныш екенін түсіндік, бір-бірімізге жақсылық жасау білуді үйрендік. Енді көзімізді жұмып осы айтылған барлық жақсы ойларды, жақсы тілектерді жақындарымызға, достарымызға сыйлайық, әрқашанда шындықты айтайық.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: жақсылық жасауға тәрбиелеу

түсінеді : жақсылық ұғымы түсінік кеңейту

меңгерді :жағымды қасиеттерін дамыту